

#КүшімізБірлікте

Бүкіл қоғамды
жемқорлықпен күресуге
жұмылдыру қажет.
«Жемқорлық – індет,
онымен күресу – міндет»
қағидатын баршаның
санасына сіңіру бүкіл
мемлекеттік органның
ортақ жұмысы болуға тиіс.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ ЖОҚ

2

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ОНЫМЕН КҮРЕСУ – МІНДЕТ

5

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

3.02.2022

Түнде:



-1-3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз. Тұман.

Күндіз:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар).



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

4.02.2022

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.

Күндіз:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады |

www.almaty-akshamy.kz

№11 (6146) 3 ақпан, бейсенбі, 2022 жыл.

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІ НАҚТЫ НӘТИЖЕ БОЙЫНША БАҒАЛАНАДЫ



Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өткізді

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің тапсырмасы бойынша әзірленген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасын бекітетінін мәлімдеді. Бірақ жұмыстың тиімділігі нақты нәтиже бойынша бағаланады. ТҮПКІ МАҚСАТ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТАН ТАЗА ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.

3

ӘКІМ

ШЫҒЫН ТОЛЫҚ ӨТЕЛЕДІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаңтар қасіреті кезінде жапа шеккен кәсіпкерлермен және бизнес өкілдерімен кездесті. Жиында қала басшысы бизнес иегерлерімен шығынды өтеуге жұмсалатын төлемдерді жеделдету мәселелерін талқылады.

2

ҚЫСҚА...

- Биыл қаңтар айында ұлдарға Әліхан, Бейбарыс, Алдияр есімдері, ал қыз балаларға Медина, Айлин және Асылым есімдері көп қойылған.
- Елімізде биыл 2,5 – 3 жыл оқу мерзімімен пилоттық бакалавр дәрежесі енгізіледі. Техникалық мамандықтарға бөлінетін гранттар 60%-ға дейін артады. Ауыл квотасы 35%-ға көбейеді.
- Жақында Түркістан облысы, Арыс қаласында қымыранды құрғақтай дайындайтын кәсіпорын іске қосылады.
- «Каспий теңізінің деңгейі 2030 жылдың басында көтеріледі» дейді ресейлік мұхиттанушы.
- 3 миллион қазақстандықтың ғана банктерде қарызы жоқ.
- Алматыда «Сергек» бейнебақылау камераларының саны көбейеді.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ӘКІМ



ШЫҒЫН ТОЛЫҚ ӨТЕЛЕДІ

АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

(Басы 1-бетте)

Бұған дейін Аймақтық комиссия шығынды өтеу бойынша механизмде кінәрат барын анықтап, өз тарапынан нақты ұсыныстар енгізген болатын. Әкімдіктің ұсыныстары 2022 жылғы 1 ақпанда ҚР Ұлттық экономика министрлігімен жедел түрде келісіліп, үкіметтік комиссия деңгейінде мақұлданды. «Бүгінде Шығынды өтеу ережесіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде. Негізгі оңалту шаралары тауарлық-материалдық құндылықтарға келген мүлктік залалға қатысты, енді 5 млн. теңгеге дейінгі ең жоғары төлем сомасымен жеңілдетілген механизм бойынша зақымдалған жылжымалы әрі жылжымайтын мүлікке, қалпына келтіруге келмейтін және жоғалған жабдықтарға да шығынды өтеу механизмі қарастырылып отыр. Бұл өз кезегінде зардап шеккен бизнес субъектілерін кенінен қамтуға мүмкіндік береді», – деді қала әкімі. Сонымен қатар,



мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлек қорлардың жеке ақшаларынан да төлем жүргізу мәселесі қаралып жатыр. Яғни өтемақы төлеу процесін жетілдіру жолындағы ізгі жұмыстар жалғаса береді. Қазіргі

жағдайларда ҚР Үкіметі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ШОБ-ты қолдау үшін шұғыл шаралар қабылдап жатыр. Жаңа бастамалар бизнестің қаржыландыруға қолжетімділігін арттыруды,

қосымша салықтық ынталандыруларды іске асыруды, бизнесті тексерулерден шектеуді қарастырады. Мемлекет басшысының «Экономиканы тұрақтандыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы» Жарлығына сәйкес бизнесті қолдау бойынша салықтық ынталандырулар қабылданды. Олар саудадан бастап туристік бизнеске дейінгі экономиканың түрлі секторларын қамтиды.

Зардап шеккен кәсіпкерлер коммуналдық шығындарды төлеуден 3 айға, ал қаладағы коммуналдық меншікті жалға алушылар – 6 айға жалға алу төлемінен босатылады. Сонымен қатар, «Алматы Бизнес–2025» қалалық бағдарлама бойынша, айналымдағы қаражатын еселеп алу үшін кәсіпкерлерге кепіл ұсыну арқылы 10 млн. теңгеге дейін жылдық 2 пайызбен 12 айға немесе «Алматы» АӨК ішінара кепілдігімен жеңілдетілген несиелер беріледі. «Алматы Финанс» ЖШС мен «МФО Алматы» ЖШС зардап шеккен кәсіпкерлерге негізгі қарызды өтеу мерзімін ұзартады, айыппұлдар мен өсімпұлдарды 180 күнге дейін шегереді.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ШЕШІМ

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА
ЖОЛ ЖОҚАлматыда учаскелердің нүктелік құрылысына
тыйым салынды

Тұрғындар көтеріп келген мәселелер аясында Алматы қаласының әкімдігі Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 29 қазандағы тапсырмасына сәйкес, қаладағы жер телімдерінде құрылыс жүргізуге тыйым бар екенін хабарлайды.

Бірақ қолданыстағы заңнама мен Мемлекет басшының тапсырмасын бұзып жатқан заңсыз әрекеттер анықта-

лып отыр. Осыған байланысты қала әкімі Ерболат Досаев барлық мән-жай анықталғанға дейін белгілі нысандарда (19 учаске), оның ішінде «Самал-3» шағынауданы мен Достық, 125 мекенжайында орналасқан аумақта жүріп жатқан жұмыстарды тоқтату туралы шешім қабылдады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТҮРҒЫН ҮЙ

Алматыда
қазіргі таңда
600-ден
астам мүлік
иелерінің
бірлестігі
(МИБ)
құрылған.

МИБ САНЫ АРТУДА

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қалалық тұрғын үй саясаты басқармасы берген ресми ақпаратқа сәйкес, бүгінгі таңда 671 жылжымайтын мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ) тіркеліп, 2757 жай серіктестік (ЖС) таңдалды.

Жиыны 3621 көппәтерлі тұрғын үйді (КТҮ) қамтитын 3428 басқарудың жаңа нысаны құрылды.

Әкімдік бұл бағыттағы жұмыстарда

тұрғындар тарапынан белсенділік аз екенін атап өтті.

Сондықтан Тұрғын үй саясаты басқармасында бірқатар түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

«2021 жылдың басынан бері 2800 КТҮ қамтылған 950 кездесу өткізілді, колл-орталық жұмыс істейді, брифингтер, сондай-ақ БАҚ өкілдерімен кездесулер өтті. Басқарудың жаңа формасын таңдау бойынша іс-әрекеттер алгоритмінің брошюралары мен бейнематериалдары бар», – деп мәлім етті әкімдіктен.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІ НАҚТЫ НӘТИЖЕ БОЙЫНША БАҒАЛАНАДЫ

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өткізді



(Басы 1-бетте)

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТАМЫРЫНА БАЛТА ШАБУ КЕРЕК

Президент сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Спикер соңғы жылдары бірқатар маңызды қадам жасалғанына назар аударды. Соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданды. Кейінгі үш жылда 174 судья жұмыстан шығарылды, я болмаса лауазымы төмендетілді. Жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жарты жылдың ішінде 14 мың талап-арыз түскен. Соның тең жартысында сотқа арызданушылар жеңіп шыққан. Қылмыстық процестің үш буынды үлгісі енгізілді. Соның нәтижесінде прокурорлар былтыр үш жарым мыңға жуық адамның қылмыстық процеске негізсіз тартылуына жол берген жоқ. Басқа да бірқатар институционалдық шаралар жүзеге асырылды.

– Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде, – деді Президент.

БЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРГЕНДЕР ЖАУАП БЕРУІ ТИІС

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының жұмысынсыз сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес жүргізу мүлде мүмкін емес деп санайды. Көп жыл бойы олар мәселені терең зерттемей тұрып, пара алушыларды қылмыс үстінде ұстап келді. Өртүрлі адам бір лауазымды атқарып отырып, бірдей мәселелерді шешкені үшін кінәлі деп танылған. Жемқорларды тұрақты түрде ұстап, түрмеге тоғытып отырған. Ал сыбайлас жемқорлықтың белең алуына қатысты себептер мен жағдайлар ешкімді қызықтыра қоймаған. Тек соңғы жылдары ғана осы мәселеге назар аударыла бастағаны байқалады.

– Бұл жерде ауыл шаруашылығындағы субсидияларға байланысты жемқорлық деректердің анықталғанын атап өтуге бола-

ды. Кейінгі бес жылда мемлекет аграрилерді қолдау үшін екі триллион теңге бөлді. Осы уақыт ішінде аталған салада 960 қылмыстық іс тіркелген. 450 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл сала жылдар бойы жемқорлыққа белішіден батуда. Соның кесірінен мемлекет үлкен зиян шекті, азық-түлік қауіпсіздігіне нұқсан келді. Атап айтқанда, жайылымдық жерлерді суландыруға бөлінген 80 миллиард теңгенің тең жартысы мақсатқа сай жұмсалмаған. Былтыр қуаңшылық болған кезде шаруалар жем-шөп таппай, мал қырылып қалды. Тіпті, кейбір өңірде шаруаларға субсидия ретінде күн батареясы берілген. Ашығын айтқанда, ауыл тұрғындарына не қажет екеніне ешкім бас қатырмаған. Субсидияны игердік деп есеп беру үшін сол күн батареяларының бағасы еселеп көрсетілген. Мұның бәрі уәкілетті органдардың жауапсыздығынан болған. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдер мұндай былыққа жол бергені үшін жауап беруі керек, – деді Президент.

БАСЫМДЫҚТАР НАҚТЫ ЖҮЙЕЛЕНУІ КЕРЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев ақпараттық жүйелер мен деректер базасының жұмысына қатысты мәселелерге арнайы тоқталды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне мемлекеттік құрылымдар әзірлеген барлық ақпараттық жүйеге тексеру жүргізу тапсырылды.

– Олар қандай міндеттер орындайды, оларға кімнің қолы жетімді, қанша қаржы жұмсалды, азаматтар мен мемлекетке одан қандай пайда бар? Цифрландыру жөніндегі жұмыстардың басымдықтары нақты жүйеленуі керек. Мемлекет қызмет түрлерін алуды шынайы түрде жеңілдететін «Электронды үкімет» немесе жүргізушілердің жол жүру тәртібін күшейткен және жол ережелерінің бұзылуын тіркеуде адами факторды алмастырған «Сергек» сияқты жобалар болса, онда жөн. Сонымен қатар, егер цифрландыру деген желеумен бюджеттен қаржы жұмсалып, кейін ешкімге қажеті жоқ ресурстарға көрсетілген қызмет үшін біреулер миллиондап алатын болса, онда әңгіме басқа, – деді Президент.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық бағытын түбегейлі қайта қарауға шақырды, сондай-ақ уәкілетті органдардың алдына бірқатар міндет қойды. Оның пікірінше, кәсіпкерлер мен жұртшылықтың сыбайлас жемқорлық деректері бойынша берген өтініштері негізінде жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

– Кеден, құрылыс, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жемқорлықпен күресуге баса мән беру керек. Жауапты

министрліктер осы бағыттар бойынша жемқорлықты жүйелі негізде жою жөнінде жоспар әзірлеуі қажет. Бұл жоспарды бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша мұқият пысықтап, ұсынуды тапсырамын. Барлық іс-шараны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен келісу қажет. Құзырлы органдардағы бірінші басшылардың жұмысын жемқорлықпен күрес көрсеткіші арқылы да бағалайтын боламын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖОЮ – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Президент мемлекет белгілейтін бағаларды реттеу кезіндегі жемқорлықты түбегейлі жою мәселесіне ерекше назар аударды.

– Тиісті уәкілетті органдар бағаны белгілеген кезде оның қаншалықты негізді екенін мұқият қарауы керек. Мұның астарында экономикалық себептен бөлек, біреудің жымысқы әрекеті жатқан жоқ па деген сауал туындайды. Мысалы, отандық өнім өндірушілер теміржол саласын жемқорлық жайлағанын айтып, үнемі шағымданады. Кәсіпкерлер нақты бір нысанға апаратын теміржолды пайдаланғаны үшін төлейтін ақының көлеміне байланысты наразылық білдіруде. Осыған орай, бір уақытта бірнеше өңірден – Қостанай, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Ақмола және Павлодар облыстарынан арыз түскен. Монополист компаниялар бағаны өз бетімен еселеп өсірген. Бұл халық тұтынатын тауарлардың бағасына бірден әсер етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектордағы сатып алулардың тұтас жүйесін қайта қарауды тапсырды. Президент мемлекеттік сатып алуларға беделі бар, тиісті техникасы бар, білікті жұмысшылары бар, салықты уақытылы төлейтін өндірушілер қатысуы керек деп есептейді.

– Қазір сыбайлас жемқорлықты нақты жоюдың орнына, процесті бюрократияландыру жүріп жатқанын көріп отырмыз. Тапсырысты орындаушыны таңдауға бірнеше ай кетеді, бірақ бәрібір сапа мен адалдық жетіспейді. Қолданыста бар нормативтік сүзгілерге қарамастан, қандай тендер болсын, оны кім жеңетіні көбіне белгілі болып тұрады. Мәселен, екі жылда «Қазавтожол» техникалық қадағалау қызметі 99 сатып алу конкурсын өткізген. Олардың тең жартысын үлестікке қатысушы бары айқын төрт компания жеңіп алған. Ал елімізде аккредитациядан өткен екі мыңнан астам ұйым мен сертификатталған алты мыңнан астам сарапшы бар. Сондықтан халықаралық деңгейдегі компаниялардың мемлекеттік сатып

алуларға сирек қатысатынына таңқалуда болмайды, – деді Президент.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Үкіметке сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қаржы мониторингі органдарымен бірлесіп, мемлекет пен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларын реттеу тәсілдерін, соның ішінде осы саладағы мемлекеттік бақылау жүйесін түбегейлі өзгерту тапсырылды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылауды күшейту қажет деп есептейді. Үкімет мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы заңды түбегейлі жаңарту мәселесін қарастыруға тиіс.

Президент салық және кеден саласындағы сыбайлас жемқорлықты жою мәселелеріне арнайы тоқталды.

– Қытаймен өзара сауда-саттық туралы екі елдің статистикалық мәліметтері екі түрлі. Олардың арасында миллиардтаған доллар айырмашылық бар. Былтыр бұл көрсеткіш 5,7 миллиард долларға жетті. Мұндай үлкен айырмашылық қалай пайда болғанын ешкім түсіндіріп бере алмайды. Ашығын айтқанда, бұл – контрабанда. Келеңсіздіктің бар екенін кәсіпкерлер де растап отыр. Сауалнамаға қарасақ, шет елмен сауда жасайтын адамдардың 90 пайызы жемқорлықпен бетпе-бет келген. Оның ішінде 45 пайызы кеденшілерге пара беруге мәжбүр болған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Шығыс Қазақстан облысындағы үш көліктік бақылау бекетін жемқорлық әбден жайлағанын анықтады. Елімізде мұндай 49 бекет бар. Кеден және көліктік бақылау саласындағы парақорлық транзиттік әлеуетімізді толық пайдалануға мүмкіндік бермей отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ, ОНЫМЕН КҮРЕСУ – МІНДЕТ»

Президент халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейтуге шақырды. Бүкіл қоғамды жемқорлықпен күресуге жұмылдыру қажет. «Жемқорлық – индет, онымен күресу – міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру бүкіл мемлекеттік органның ортақ жұмысы болуға тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, мемлекеттік аппаратта жобалық басқару қағидаттарын енгізуді жалғастыру маңызды. Барлық мемлекеттік орган жұмыстың жаңа форматына белсенді кірісіп, оларды іс жүзінде қолдануы керек.

– Жалпы, әкімшілік тәсілдерден бас тартып, басқарудың заманауи технологияларына жан-жақты бет бұру қажет. Мемлекеттік қызмет жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік қызметтің іс жүзінде сервистік және тұтынушыға қолайлы болуы үшін мемлекеттік қызмет жүйесін қайта құруы керек, – деді Президент.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі агенттіктің Қоғамдық кеңесінің мүшесі Марат Бәшімов қоғамдық бақылауды кеңейтуді және мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз етуді ұсынды.

– Кадр мәселесінде адамның моральдық тұрғыдан таза болуы керек екеніне баса мән берілгенін қалаймын. Оның сыбайлас жемқорлыққа қандай да бір қатысы бар деген сыбыс мүлде болмауы қажет. Кейде қарайсың, оқисың: әкімдер әлдебір мемлекеттік сатып алуларды қайталайды, бір қызметтен екінші қызметке ауысады. Мұны жұртшылық ауыр қабылдайды. Барлық мемлекеттік орган және жұртшылық әрдайым бірге күш жұмылдыра отырып, сыбайлас жемқорлықпен күресуге және өскелең ұрпақтың тарбиесіне атсалысуға тиіс, – деді Марат Бәшімов.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындаған кезде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қорытынды анықтамасын міндетті түрде талап ету қажеттігін айтты.

Жиын барысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжанов, Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашүкеев, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин сөз сөйледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



МЕГА-ЖОБА

Көмектесер кез келді

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры құрылғаны белгілі.

Мемлекет басшысы «Аса ауқатты адамдардың елге көмектесетін кезі келді» деген еді. Қор құрылғаннан бастап 52 миллиард теңгеден аса қаржы түсті. Қор жылына кемінде 100 миллиард теңге мөлшерінде қаражат жинайды деп жоспарланып отыр.

Алда ірі компания, корпорация, бизнес өкілдері табысының 3%-ын қоғамдық қорға құю көзделуде. Бұл дәстүрлі, ұзақ жылдарға негізделген мега-жоба саналады.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ТӨРАҒА

«Халыққа жақын болу керек»



Президент халық қауіпсіздігі мен мемлекет мүддесі бәрінен биік екендігін өз ісімен дәлелдеді. Бұл туралы Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов мәлім етті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқан «Жаңа Қазақстан» құру жолында Парламентке артылар жүк те, жүкшелер жауапкершілік те өте зор. Сондықтан осынау сындарлы кезеңде халық сенімінен шығып, Президент бастамаларын барынша

қолдау – біздің басты міндет. Сайлаушылар тарапынан депутаттарға қойылатын талап қашан да жоғары екендігін өздеріңіз білесіздер. Әсіресе, кешегі қаңтар оқиғалары бүкіл еліміз үшін үлкен сын болды. Күн тәртібінде тәуелсіздігіміз бен мемлекетіміздің тұтастығын сақтап қалу мәселесі тұрды. Елдігімізге қауіп төнген осы сын сағатта Мемлекет басшысы барлық жауапкершілікті өзіне алып, батыл шешімдер қабылдады. Президент халық қауіпсіздігі мен мемлекет мүддесі бәрінен биік екендігін өз ісімен дәлелдеді», – деді Е.Қошанов Мәжілістің жалпы отырысында.

Осы орайда Мәжіліс төрағасы бірінші кезекте, Парламент жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету қажет екенін атап өтті. Халық сайлаған депутаттар – ең алдымен, өз сайлаушыларына жақын болу керек.

«Қоғамның үнін естіп, халықтың тілін түсіну және дер кезінде шаралар қабылдау – кез келген келеңсіздіктің алдын алудың негізгі алғышарты екені түсінікті. Сондықтан алдағы уақытта депутаттар корпусының азаматтық сектормен, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен, әсіресе, өңірлердегі қоғам белсенділерімен тығыз байланысын одан ары жандандыратын боламыз. Бұл – Президент бекіткен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын нәтижелі жүзеге асырудың да басты ұстанымы. Алдымызға қойылған жаңа міндеттерді табысты орындау үшін азаматтық қоғаммен қатар, мемлекеттік органдардың барлық тармақтарымен, соның ішінде, Сенатпен, Үкіметпен, Сот саласымен өзара тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейміз», – деді ол.

ЗАҢ

Өзгеріс енгізілді

Парламент Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қауіпсіздік кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясына өмір бойы төрағалық етуінің күшін жоятын конституциялық заңдарға түзетулерді қабылдады.

Мәжіліс депутаттары Сенат енгізген мемлекеттік бастамаларды Елбасымен келісу қажеттілігінің күшін жоюға қатысты түзетулерді қолдады. Бұл норма «Тұңғыш Президент – Елбасы туралы» Конституциялық заңда жазылған. Сондай-ақ, заң жобасында Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қауіпсіздік кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясына өмір бойы төрағалық етуінің күшін жоятын түзетулер бар.

Бұл ретте Қазақстанның Тұңғыш Президенті ма-



ңызды мәселелерді талқылау кезінде Парламент пен Үкімет алдында сөз сөйлеу құқығын сақтайды. Заң Президентке қол қоюға жіберіледі.

БЕЙЖІҢ–2022

Алау эстафетасы



Алғашқы іріктеу жарыстары басталды

Олимпиада ойындарының ресми ашылу рәсімі 4 ақпанға жоспарланғанымен, керлинг, шайбалы хоккей, фристайл сынды спорт түрінен алғашқы іріктеу жарыстары кеше басталып кетті.

Ал бүгін қазақстандық фристайлшылар жарыс алаңына шығады.

Фристайл-могулдан Олимпиадаға Қазақстаннан Юлия Галышева, Аяулым Әмренова, Олеся Граур, Анастасия Городко, Дмитрий Рейхерд және Павел Колмаков жолдама жеңіп алған болатын.

Сондай-ақ, XXIV қысқы Олимпиада ойындарына Қазақстан құрамасынан барлығы 34 спортшы қатысады, олар 87 жолдама жеңіп алды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



БАЙҚАУ

Мықтылар миллионер атанды

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыда «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы–2021» республикалық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты жиынға ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов қатысты.



Аталмыш байқауға еліміздің барлық өңірлеріндегі жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысып, бағын сынаған еді. Байқау нәтижесі бойынша еліміздегі 76 жоғары оқу орнынан 718 үміткер қатысып, олардың 150-і ең үздік деп танылды. Жеңімпаздардың әрқайсына 6 млн. теңгеден сыйақы мен арнайы төсбелгі табыс етілді.

– «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтпақшы, әділетті қоғам,

жаңа Қазақстан құру үшін ұстаздардың орны ерекше. Қазір елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қолдауының арқасында білім мен ғылым саласында көптеген оң өзгерістер болып жатыр. Осы ретте «Мұғалім мәртебесін» көтеру бойынша да көптеген кешенді жұмыстардың іске асып жатқанын жеткізгім келеді. Соның бірі – мектеп мұғалімдерінің айлық жалақысының сатылап көтеріліп жатқандығы. Жалпы, дәл қазіргі уақытта еліміздің білім жүйесін алға

жылжытудың іс-шаралары қолға алынып, осы мақсатта қызу жұмыс жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының оқытушыларының әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін олардың жалақысын арттыруды қолға алдық. Жақсы маман дайындап, сапалы білім беру үшін жоғары оқу орындарының оқытушыларына әлі де жағдай жасауды жалғастыра береміз, – деді Асхат Аймағамбетов.

МОНИТОРИНГ

Басшылардың адалдығы тексерілуде

Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласында қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін 46 лауазымдық тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 11 лауазымдық тұлға атқарып отырған лауазымынан босатылды.

2020 жылдан бастап елімізде отставкаға кету және бірінші басшылардың қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін дербес жауапкершілігі институты жұмыс істей бастады.

Мониторинг күнделікті жүргізілуде. Алматыда 2021 жылдың қорытындысы бойынша қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін 46 лауазымдық тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде «ескерту» – 1, «сөгіс» түрінде тәртіптік жазаға 7 адам тартылды, «қатаң сөгіс» – 10, «қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту» алғандар – 17, ал

11 лауазымдық тұлға атқарып отырған қызметінен босатылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу шараларын қолданбағаны үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларын, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын тәртіптік жауаптылыққа тартуды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органдардың жұмысына мониторинг жүргізу Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне және оның аумақтық бөлімшелеріне жүктелген болатын.

Басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етумен қатар, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментімен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар әзірлеу Әдеп жөніндегі кеңестің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті қарамағындағы мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін басшылардың жауапкершілігі туралы заңнамалық норманың орындалуына мониторингті жалғастыруда.



ЖЕМҚОРЛЫҚ – ИНДЕТ, ОНЫМЕН КҮРЕСУ – МІНДЕТ

Заң аясында жұмыс істеуге дағдылану керек



Самат ҮМБЕТӘЛИЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Алматы қаласы бойынша департа-
ментінің Мемлекеттік қызмет саласында-
ғы бақылау басқармасының басшысы:

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.Тоқаевтың сыбайлас жемқорлықтың алдын

алуға бағытталған үлкен жиыны халық тарапынан кең қолдауға ие болды деп санаймын. Президенттің жемқорлықпен түбегейлі күресуі, оның алдын алу мен жою бағытында ұсынған ұсыныстары бүгінгі қоғамда өте өзекті. Президенттің бұл пәрменді тапсырмаларын тиісті деңгейде орындау – мемлекеттік құрылымдардың сыбайлас жемқорлықтан арылуына, азаматтарға сапалы қызмет көрсету, олардың арыз-шағымдарын сапалы қарау сынды жұмыстардың белгілі бір тиімділігін арттыратыны сөзсіз. Сондықтан Президенттің бұл тұжырымдасы халық тарапынан кең қолдауға ие болатынына күмәнданбаймын. Атап айтқанда, ЖОО, кедендік сала, шенеуніктердің адалдығын тексеруге қатысты қабылданатын шаралар, мемлекеттік қызметшілердің жылжымайтын мүлік, автокөлік, басқа да қымбат заттарды сатып алу кезінде олардың сатып алуына қатысты жүргізілетін тексерістер, тек қана мемлекеттік қызметшілерді ұстап, қамаудан бөлек, заңбұзушылыққа жол бермеудің алдын алу бағытындағы жұмыстар өте өзекті.

Алматы қаласы республикалық маңызға ие қала екенін жақсы білесіздер. Бүгінгі таңда мегаполисте мемлекеттік қызмет істерінің Алматы қаласы бойынша департаменті Президент әкімшілігінің тапсырмасы және агенттіктің тапсырмасы бойынша жемқорлық жасау фактілеріне мониторинг жүргізеді.

Соңғы мониторингтің қорытындысы бойынша былтыр құқық қорғау саласында жемқорлық фактісі көп тіркелген. Жемқорлық алдымен кішігірім заңбұзушылықтан туындайды. Сондықтан менің ойымша, мемлекеттік қызметшілер арасында түсіндіру шараларын жүргізу қажет деп санаймын. Сол шаралардың нәтижесінде қызметкерлердің Әдеп нормаларымен сақтануы, заң аясында жұмыс істеуі маңызды дер едім. Әркім өзінен бастай отырып, өзін тәрбиелей отырып, өзін тек қана заң аясында жұмыс істеуге үйретсе, сыбайлас жемқорлықтың алдын алар едік және ол үлкен заң бұзушылыққа ұласпас еді.

Ғылымның әлеуетін тиімді пайдалану керек



Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР ҰҒА төрағасы:

Жемқорлықты ауыздықтамайынша, ауызбіршілігі мол қоғам құра алмаймыз. Бұл халықаралық тәжірибеден белгілі. Алға тартатын күрделі жайттың бірі – кадр мәселесі. Осындай уақытта қызметтерге кадр таңдауда дұрыс шешім қабылдауымыз қажет. Дамыған елдердің барлығында басшы қызметкер және оның орынбасарлары ұжымның не-

месе сол аудандағы, өңірлердегі халықтың жасырын дауыс беруі арқылы сайланады. Біз де осы тәжірибелерге сүйенуіміз керек. Сонда ғана қателіктер болмайды. Бастық болып, айналасына тамыр-таныстарын жинауды мүлдем тоқтату қажет, бұл түптің түбінде жемқорлыққа немесе ұрлыққа апарып соқтыруы мүмкін.

Осы орайда ҰҒА ұжымы атынан Президент Қ.Тоқаевқа айтар өтінішіміз де жоқ емес. Ең бастысы, 2003 жылдан бастап еліміздің жетекші ғалымдарынан құралған 75 жылдық тарихы бар Ұлттық Ғылым академиясы жол шетіне ығыстырылды. Біздің айта-тын ұсыныстарымыз биліктің құлағына жете бермейді. Бұл ғалымдарды дайындау үшін қанша еңбек, тіпті мемлекеттің қаншама қаражаты жұмсалды. Оларды ел дамуындағы шаруаларға қосып жұмыс істеткен пайдалы емес пе? ҰҒА-ның бұл аянышты жағдайы басқа мемлекеттерде жоқ. Тіпті, кеше ғана көш соңында келе жатқан Африканың кейбір мемлекеттерінде де Ұлттық Ғылым академиялары құрылып, ел игілігіне жақсы жұмыс істеп келеді. Ғалымдар тарихынан белгілі бір жайтты айта кеткіміз келеді. Францияның белгілі ғалымы Лавуазьені патша бұйырған өлім жазасынан ешкім құтқара алмады. Гильотинаға тартып өлтіру бар-жоғы бес-ақ минут уақытты алды. Бірақ Францияға Лавуазьені сияқты ғалымды дайындау үшін 50 жыл қажет болды. Осы мысалдан сабақ ала отырып, ғылымның мәртебесін көтеріп, ғылым мен білімнің әлеуетін еліміздің дамуына пайдалану керек.

Қазақстан – білімі де, ғылымы да дамыған ел. Оған қоса, тағдырдың бізге берген кең-байтақ жері мен жерасты байлығы бар. Оларды өзіміз өндіріп, ғалымдар жасаған жаңа технологиямен тауар шығарсақ, халқымыздың әлеуеті жетілген, бай мемлекет боламыз айдан анық.

Патриоттық орнамай – жемқорлық тыйылмайды



Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымының докторы, академик:

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларын құлтаймыз.

Біз білім, ғылым саласында жүргендіктен «Жаңа Қазақстанның» әділ, сауатты орнағанын ойлаймыз. Әсіресе, жастарды жұмысқа орналастыруда, біліктілігі, ынтасы, талабына мән берілсе. Тамыр-таныстықпен жұмысқа орналасу деген бол-

мауы керек. Әскерге дәрежесіне қарамастан бәрінің балалары баруы қажет. Қазір жастар сыртқа кетіп жатыр. Оларға осында жұмыс беріп, елдің әл-ауқатын көтеруге шақырайық. Жастар резервиндегі 300 кадр басшылық қызметке келсін. Елде іскер қарақөздеріміз көп. Соларға мүмкіншілік берілсе екен. Ең бастысы – қазақы кадрды қалыптастырайық. Бұл – Қазақ мемлекеті. Тіпті керек болса, мемлекеттік тілді білу міндеттелсін. Басшылар халықпен тілдесе алмаса, несі басшы?! Патриоттық орнамай – жемқорлық тыйылмайды. Бір анығы, қазақ елінің болашағы жастар екенін ұмытпайық.

Түйіндеп айтарым, қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік.

«ЖАҢА АЛМАТЫ»

ЖАЙЛЫ ҚАЛА, ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕК

Шаһарды дамытудың 2024 жылдарға дейінгі кешенді жоспары жүзеге асырылуда



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Қалаға жаңадан қосылған аумақтардағы проблемалық мәселелерді шешуге арналған «Жаңа Алматы» жобасы бар. Алматы қаласының Стратегия және бюджет басқармасының басшысы Алмас Батановтың айтуынша, бағдарлама қаланы полицентрлі үлгі бойынша дамытуға бағытталған.

Яғни мақсат – өмір сүру үшін қолайлы жағдай жасау, қала тұрғындарының белсенді демалысы үшін жаңа қоғамдық кеңістік қалыптастыру. Аталмыш жобаны қолға алуға қалаға кейіннен қосылған аумақтардың қосылуы түрткі болғаны белгілі.

Мәселен, 105 мыңнан астам тұрғыны бар Наурызбай, Алатау, Медеу, Түрксіб, Бостандық және Жетісу аудандарының 23 шағынауданында орталықтандырылған су құбыры және канализация болмаған. Бүгінде осы бағдарламаның арқасында 15 ықшамауданда желілердің құрылысы басталды. Бұл құрылыс жұмыстары аяқталған соң 71 мыңнан астам тұрғын ком-



муникациямен қамтылады деген сөз. Жарықтың жоктығы, жолдардың нашарлығы, тозығы жеткен инженерлік желілер, бұлардың барлығы бұрыннан бар мәселелер. Дейтұрғанмен, халық үшін басты қажеттілік болып табылатын инфрақұрылым мәселесі кезең-кезеңімен даму үстінде.

– Біз аумақтардың қосылуы барысында субурбанизацияның қалыптасқанын, яғни

қала көлемі артып, инфрақұрылым шығындарының өскенін көрдік. Қолжетімді жайлы тұрғын үй жетіспеді. Ал жалпы қаланың өзі елеулі көші-қон жүктемесін бастан өткерді, – дейді А.Батанов.

2012 жылдан бастап қала халқы 30%-ға өсті. Халық өсімінің ағымдағы қарқыны сақталған жағдайда 2030 жылға қарай алматылықтардың саны 3 миллион адамға

жетуі мүмкін. Негізгі қоныстану қаланың шетінде болады деп күтілуде. Өткен жылдары қордаланған мәселелерді шешу үшін «Жаңа Алматыны» дамытудың кешенді жоспары әзірленді. 2019 жылдың қазан айында аталмыш жоба Мемлекет басшысының тарапынан қолдау тауып, Президент мегаполисті «Шетсіз қала» қағидатына сәйкес дамытуды тапсырған болатын.

– Біз Алматының қай жерінде орналасқанына қарамастан барлық аудандарда, халыққа өмірдің жоғары стандарттарын жасап, жақсы жолдар мен жарқыраған көше, таза су мен газ, орталықтандырылған кәріз желісі болғанын қалаймыз, – деп сөзін жалғастырды А.Батанов.

Басқарма басшысы «Жаңа Алматының» жоспарлы, үдемелі, тиімді дамитынын атап өтті. Десек те, жаңа шағынаудандар тұрғын үй сатып алуға, жұмысқа орналасып, білім алуға, сонымен қатар демалыс үшін тартымды аймаққа айнала бастады.

Алматы – зиялы қауымы көп, креативті әрі білімді жастар көп тұратын қала. Оған қоса, алып шаһарда жұмыс істейтін тұрғындардың 70 пайызға жуығы жоғары білімді. Ал жұмыспен қамтылғандардың үштен екі бөлігін құрап отырған шағын және орта кәсіп иелері қазынаға салықтың 63 пайызын беріп отыр. Демек, Алматының өзге қалалардан басты артықшылығы – креативті адами капиталының молдығында.

Ендеше, Алматының орталығы ғана емес, шеткі аудандары да заман көшінен қалмайтын, қай жағынан алсаң да өмір сүруге ыңғайлы һәм жайлы қала болуы маңызды. Қала басшылығы дәл осы бағытта, қаланы дамытудың 2020–2024 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру бағытында жұмысын жалғастырып жатыр.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ҮЗДІК КӘСІПОРЫН ҰЖЫМЫ

«Алтын сапа» сыйлығын жеңіп алды

Алматының доноры

Біздің кейіпкеріміз – Мұрат Құсманұлы Рақымжанов басқаратын мекеме шаһар экономикасына дем беріп отырған табысты ұжымдардың бірі.

Өткен жыл қорытындысы бойынша алматылық «DOC CO LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кәсіпорны «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын» номинациясының лауреаты атанып, Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын жеңіп алды.

Отандық өнім шығаратын кәсіпорын оңтүстік астананың экономикалық дамуына сүбелі үлесін қосып келе жатқан ұжым. Алматы индустриялық аймағы аумағындағы жалпы көлемі 3400 шаршы метрді құрайтын картридж өндіретін зауыттың пайдалануға берілгені күні кеше ғана еді, айналасы үш-төрт жыл ішінде білікті кәсіпкер шаруаны дөңгелетіп әкетті.

Аталған зауыт рекордтық уақытта – бір жылдың ішінде салынып, қолданысқа енгізілді. Отандық өнімді шығарудағы өндірістік қызметі өз алдына, кәсіпорын басшылығы әдегеннен-ақ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидатының мүлтіксіз орындалуына ерекше маңыз берді. Олар үнемі қайырымдылық іс-шаралармен айналысады, сондай ақ, балалар алаңдарына спорттық жабдықтар сатып алып, қала әкімдігіне үнемі қолдау көрсетіп келеді. Бұған қоса, компанияда жұмыс істейтін әрбір қызметкеріне қалауынша пәтер немесе жеке тұрғын үй құрылысын жүргіземін дегендеріне жер учаскелерін сатып алып беруді дәстүрге айналдырған. Өріптестері үшін отбасылық демалыс күндерін де ұйымдастыруды есінен шығарған емес.

Жыл сайын Мұрат Құсманұлы басқаратын кәсіпорын қала деңгейінде, сонымен қатар, республикалық деңгейде де жағдайы төмен отбасыларға материалдық көмек көрсетеді, қайырымдылық акцияларына қатысады, түрлі әлеуметтік жобаларға демеушілік жасайды. Кейіпкеріміз тек ішкі нарықта ғана емес, сонымен қатар, жақын және алыс шет елдерде де қазақ өндірісінің абыройын көтеруді мақсат тұтады. Жаңа жұмыс орындарын қамтамасыз етіп, өндіріске жергілікті жастар арасынан білікті мамандарды көп тарттады. Ол басқаратын ұжым жергілікті бюджетке салық, басқа да міндетті төлемдер көлемі бойынша қаржы құйып, Алматының экономикалық әлеуетін арттырудың доноры болып отырған қаладағы танымал компаниялардың бірі. Бүгінгі таңда «ALATAU» брендімен өндірілетін картриджер өз елімізде ғана емес, сонымен қатар Ресей және Беларусь елдерінде де үлкен сұранымға ие. Істің көзін таба білетін, үнемі адамдарды тұрақты жұмыспен қамтуға ұмтылатын іскер азаматтың қол жеткізген жетістіктерін сыры неде?

Ата-ана шарапаты

Мұрат Құсманұлы Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы Айнабұлақ елдімекенінде дүниеге келді. Әрине, оның қалыптасу кезеңіне ата-ананың шарапаты өз септігін тигізді десе де болады.

Әкесі Құсман, бар саналы ғұмырын жүргізуші боп өткізді. Кішкентайынан әке қасынан қалмайтын Мұрат тіпті, көлікті жөндеуге де атсалысатын. Жаз айларында кеңшардың машина-трактор жөндеу шеберханасында жұмыс жасап, үлкен ағаларына ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеуге жәрдемдесетін еді.

Үй шаруасындағы аяулы анасына қолғабыс жасау кез келген перзенттің қасиетті парызы екенін ескерсек, Мұрат та анасының тапсырмасын екі етпейтін.

Әлбетте, ауыл баласына тән жұмыстың бәрін жасайтын. Мал бағатын, қора тазалап, жем-шөп жинап, үйге су таси жүріп, көгілдір қырда доп құуды да ұмытпайтын. Шығыстың қысы ызғарлы келеді. Қар қалың жауады. Кей тұсы кісі бойындай биіктікте сіресіп қатқан қарды да күрейтін. Ал сол қарды тазалаудың да өзіндік машақаты мен қызық-шыжығы қатар жүретін. Әкесі Құсман баласын техникаға баулыса, ал кәсіпкерлік қасиет анасы – Бибатыштан дарығанын Мұрат үнемі айтып жүреді.

– Әлі күнге дейін станоктардың дыбысын, тракторлардың және техникалық жабдықтардың гүрілін естисем, тұла бойымды ерекше сезім билейді, – дейді кейіпкеріміз. – Бәлкім, осы бір сезім мені өмірде тын сүрлеумен жүруге жетелесе керек...



Кішкентайынан зерек болып өскен бозбала неге екені белгісіз, география пәніне құмары артып өсті. Қай елдің социалистік, қай елдің капиталистік екенін әлем картасынан көз жазбай табатын. Және неге капиталистік? Оны соншалықты кеңес адамдарына тұрпайы етіп көрсететіндей не келеңсіздігі бар? Бұл сауалдың жауабын іздеп, ауыл кітапханасына күн сайын барып, «Капитализм нарықтар дербес жұмыс істей алады дегенді білдіреді, мұнда сұраныс пен ұсыныс заңы негізгі өнімдердің, акциялардың және валюталардың бағаларын белгілейді. Капиталистік ортадағы фирмалар бір-бірімен бәсекелестік жағдайында жұмыс істейді және кез келген мемлекеттік бақылаудан босатылады» тәрізді теорияны миына сіңірген Мұрат әу бастан өзінің негізгі бағыт-бағдарын айқындап алған еді.

Бизнес әлеміне саяхат

1986 жылдың желтоқсанында Кеңес армиясындағы азаматтық борышын өтеп, астанаға оралған Мұратты Алматысы әйгілі Желтоқсан оқиғасымен қарсы алды. Әділдіктің туын арқалап, алаңға шыққан көптеген жастардың легіне бұл да қосылды. Сол жылдардағы өжет те қайсар, мақсатшыл замандастары секілді Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болғанын Мұрат та армандайтын. Олар Желтоқсанның мұзға жакқан алауымен шыңдалған жастар еді.

1987 жылы Қазақ ұлттық техникалық институтының Электронды-есептеу техникасы факультетіне оқуға түсті. Екінші курс студенті атанғанда техника ғылымының кандидаты, ЭВТ факультетінің деканы болған марқұм Сарыпбеков Жақсыбек Сарыпбекұлының докторлық диссертациясына компьютерлік бағдарламалар жасап, онымен бірге Мәскеу, Вильнюс, Каунас қалаларындағы ғылыми семинарларға қатысты. Сонымен қатар, техника ғылымының кандидаты Бауыржан Қарабековтің жетекшілігімен Пролог тілі мен Петри желісінде жасанды интеллектке логикалық бағдарламалар құрастырғанын да айта кеткен жөн. 1989 жылы Қазақ ұлттық университетінің, медицина және политехникалық институттардың студенттерімен бірге «Ақиқат» жастар ұйымын ұйымдастырып, Мұхтар Шаханов пен Олжас Сүлейменовтің Невада–Семей қозғалысына көп қолғабыс жасайды.

Жоғары оқу орнын инженер – жүйе технигі мамандығы бойынша бітіріп шыққаннан кейін ғылыммен айналысып, компьютерлік бағдарламалар жасауды мақсат тұтқан Мәкең бизнес әлемімен айналысуды ойлай бастайды.

– Ең алғаш менің бір танысым

компьютер сатып, совхоздың есепшісін оқытып, оны жан-жақты үйретіп шығаруға тапсырыс жасады. Бұл – бизнеске алғашқы қадамым болды. 1991 жылы шағын кәсіпкерлікпен айналысып, компьютерлер сата бастадым. Жергілікті жерлерге ыңғайластырылған компьютерлік желілер қондырды. Әлі есімде, тек Қызылорда облысы бойынша біз 100-ге жуық компьютер орнатқан екенбіз. Осы өнімнің мамандарына, сондай-ақ, жаңа технологияның қыр-сырын үйретіп, тәлім берумен де айналыстық. Шынын айту керек, бизнесіміз дөңгелеп жүре берді. Бірақ бәрі біз ойлағандай бола бермейді екен. Бізге қызмет көрсететін банк аяқасты жабылып, өзімізге тиесілі ақшаны ала алмай қалған кездерді осы күнге дейін өкінішпен еске аламын. Өзімізге тиесілі қаражатымызды бір жылдан кейін ғана алдық. Бірақ ол кезде дүниенің бәрі құнсызданып кеткенін тәптіштеп айтып жатудың өзі артық, – дейді Мұрат Құсманұлы.

Ол бағындырар белестер әлі алда

Кейіпкеріміздің бизнес әлемінде үлгі тұтатын тұлғалары – Apple компаниясының негізін қалаушы Стив Джобс және Tesla-ның негізін қалаған Илон Маск екен. Ол жаһандық бизнес серкелерінің іскерлік пен біліктілік қағидаттарын әркез назарда ұстайды. Кәсіпкерліктің қыр-сырына тереңдеу үшін өзі шет елге барып та жұмыс жасады. 2010-2011 жылдары Қытайдың ең үздік инновациялық зауытында қарапайым қосалқы жұмысшыдан бастап, картридж өндірісінің технологияна дейін көтерілген Мәкен Қытайдың Шанхай қаласында өткен 11-ші SNEC – 2017 қалыпқа келтіруші энергия көрмесіне қатысатынын білді дейсіз бе? Сол жылы қазақ студенттерінің волонтерлік қозғалысын ұйымдастырды. Астана қаласындағы ЭКСПО-2017 көрмесіне Қытай және басқа да қалалардан мыңдаған туристердің келуіне ұйытқы болды. Аталған іс-шаралардың бәрі – «DOC Co.LTD» ЖШС-нің ұйымдастыруымен жүзеге асқан еді. Жалпы кәсіпкерлікте ұжымның рөлі ерекше екенін айтудан танбайды.

– Біздің компания үшін ең басты құндылық – ұйымшылдық, ұжымдық тұтастық, ұлттық рух! Тіпті, экономикалық қиындықтарға қарамастан, кей ретте тығырықтан шығудың жолдарын бәріміз бірігіп таба алатын қасиетіміз бар. Әрбір қызметкердің өзіндік орны, икемі бар. Басшы ретінде қызметкерлерімнің проблемасын біліп, оны уақытылы шешуді әдетке айналдырғанмын. Үнемі өз білімімді шыңдай жүремін. Оның жолы көп қой! Әртүрлі конференцияларға, семинарларға, тренингтерге қатысудың да берер пайдасы мол, – дейді кәсіпкер.

Мұрат әлі де тың ойлардың жетегінде жүр. Ал біз өз тарапымыздан оған тек сәттілік тілейміз!

Ол бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қағидатының мүлтіксіз орындалуына ерекше маңыз береді

Ғалымжан МЕЛДЕШОВ.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Дүние жүзіндегі ең құнды сыйлық – Нобель сыйлығы. Кинода – Оскар. Осы сияқты тізім әр салада жалғаса береді.

СЫЙАҚЫ СЫРЫ

Ерте заманда шексіз ризашылық білдіру әртүрлі сипатта болған

Ганс Христиан Андерсен: «Қозғалу, тыныс алу, қалықтау, жүзу, сыйлық беру-алу, зерттеу, саяхаттау – міне, өмірдің мәні осы», – депті. Біреулер үшін бұл білгірдің ойы, өзі жазғандай, ертегі сипатында қабылдануы мүмкін. Десе де, астарында талай пайым-түсініктер тұнып жатыр.

Тарихнама. Мұның сыры ежелгі дәуірлерде жатыр. Жаһанға әйгілі Александр Македонский, Шыңғыс хан, Әмір Темір сынды патшалар дүниедегі ең ауқатты тұлғалар саналған. Олар өздерінің даңқын жан-жақты пайдаланған және шығарған. Даңқты қолбасшылар өздерінің даңқын асыру мақсатында әртүрлі әрекетке барған. Қасында жүрген үзгенділеріне зәулім сарай, қапшық-қапшық алтын динар, тағы сол сияқты нәрселермен құрмет-разылығын танытқан. Оған дәлел ретінде 1520–1566 жылдары Осман империясын билеген Сүлеймен Сұлтанды алуға болады. Ол өзінің бас уәзірі әрі күйеу баласы Ибраһим пашаға арнап сарай салдырған деседі. Әрине, бұл зәулім ғимарат алтынмен апталып, күміспен қапталғаны сөзсіз.

Бай-шонжарлар жібек мата, бағалы ішік, кейбірі қомақты тиын салынған қапшықтар ұсынған. Бұны әр елдің өзіндік салтымен, ғұмыр кешкен уақытымен, дағдысымен байланыстыруға болады. Қысқасы, патша, бай-бағлан, т.б. разылығын түрліше білдірген.



Заманауи кезең. Бұрынғы білгір даналар «Сыйлық адам мен адам арасын жақындастырады» деп аталы сөз қалдырған. Біздің қоғам нарықтық аймақта күн кешуде. Әлеуметтік желіден ата-анасына, бауырына, досына, сыйлық жасап, қуанып жатқандарды көреміз. Танданып, тамсанамыз. Осының барлығы жоғарыда айтылған тарихтың дамыған, жетілген сабақтастығы десек, артық айтпағандық.

Шығыс халықтары үшін сапалы тірлік бәрінен маңызды. Мәселен, Жапония, Оңтүстік Кореяда ынталандыруға баса мән берген. Тіпті, алдыңғы орынға шығарған. Айрықша ден қойған. Оларда компания, корпорациядағылар әртүрлі қаражат көлемінде сыйақы тағайындайтын көрінеді. Ол жағын әр ұйым өзінің ішкі құрылымына сай шешкен. Нақтырақ, қанша айлық мөлшерінде беретінін өз ережелеріне сәйкес жасайды екен. Осы тақылеттес дүниені АҚШ, Түркия, Сингапур сынды дамыған елдердің тәжірибесінен аңғарамыз. Осындай игі дәстүр елімізге де ойысуда.

Қаржыгерлер «сыйақы ынтаның артуына алып келеді» деп жатады. Тегі, дөп айтылған сөз. Әрбір істің жемісті, бәсекенің жеңісті болуына жетелейді. Сол мақсатқа жету жолында қыруар шаруа атқарылады. Ал нәтиже дәмін татуды әркім көксейді.

Биыл Тәуелсіздік мейрамы қарсаңында еңбегінің жемісін көріп, көп жұрттың кеудесіне медаль, орден тағынып, марапат алып жатқаны қуантады һәм қызықтырады. Сондай биік дәрежеде іс қылға үндейді.

Сыйақы мен сыйлық – егіз ұғым. Мұны иеленуге еңбегі адал, тірлігі нық, іскер әрбір жан үмітті әрі лайық демекпіз.

Дайындаған
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



СҮННЕТ

Қаладағы мешіт маңындағы дүкендерге кіре қалсақ, өзіне тән ерекше иіс бар, жіңішке ғана сары ағаштың тамыры сатылады. Өзінің бағасы да арзан әрі қолжетімді. Салауатты өмір салтын ұстанатын әрі сүннетпен жүретін жастар мисуактың пайдасын жақсы біледі. Ол өзіміз күнделікті екі рет қолданатын тіс пастасының орнын баса алады. Оған сенімді болыңыз. Тіпті, мисуак тіске ғана емес, жалпы адам ағзасына өте пайдалы.



Мисуак қолдану – бұл үлкен сүннет. Алла елшісі (с.а.с) мисуакты дәрет алғанға дейін және намазға дейін қолданған. Әбу Хурайрадан жеткен хадисте пайғамбарымыз: «егер менің қоғамым үшін қиын болмаса, онда мен оларға әр намазда мисуакпен аузын тазартуды бұйырар едім» деген.

Мисуакты көптеген жағдайларда қолдануға болады: Құран оқымас бұрын, Алланы еске алмас бұрын, мешітке немесе үйге кірер алдында, жолға шығар алдында және қайтып оралғанда, ұйықтар алдында және ояңғаннан кейін, ауызда жағымсыз иіс болса, тамақ ішер алдында, өлім азабы кезінде (мисуак өлімді жеңілдетеді деп ай-

тылады) қолданған абзалырақ дейді дін мамандары.

Бүгінгі таңда ғылыми зерттеулердің нәтижелері мисуактың ауыз қуысы және бүкіл организм үшін пайдасы зор екенін айтады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 1986 және 2000 жылдардағы халықаралық консенсусында мисуак қолдануды ұсынған. 2003 жылы ғалымдар кәдімгі тіс щеткаларымен салыстырғанда мисуак қолданудың артықшылықтарын дәлелдеген. Islam.ru ақпараттық сайты **мисуактың адам денсаулығына пайдасы төмендегідей дейді:**

1. Мисуак тістерді ағартады, ол тістегі өңез бен тастарды ауыртпай өте тиімді кетіреді.
2. Мисуак қызыл иекті жақсартады.

3. Жүйелі түрде мисуак қолдану тісжегіні болдырмайды.

4. Мисуак ауыз қуысының микрофлорасын жақсартады, нәтижесінде тыныс алуды сергітеді және ауыздағы жағымсыз иісті жояды.

5. Мисуак дәм сезу рецепторларының сезімталдығын арттырады.

6. Мисуак қабынуға және бактерияға қарсы қасиеттерге ие.

7. Мисуак ауырсынуды басатын қасиетіне байланысты тіс ауруын азайтуға көмектеседі.

8. Мисуак биологиялық белсенді нүктелерге әсер ету арқылы бас ауруынан арылуда көмектеседі.

9. Мисуак қолдану есте сақтау мен көру қабілетін жақсартады.

10. Мисуак қолдану асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартады.

МАМАН КЕҢЕСІ

Екі рет тамақтанудың сиқыры

Сау тамақтану, дұрыс тамақтану деген тіркесті осы күнде жиі естиміз. Тіпті, трендте десек болады. Мәні – супермаркет, дүкен сөрелеріндегі саны жоқ көп тамақтың арасынан қорек боларлық, ағзаға сіңімді әрі пайдалы тамақты таба білу әрі соны тұтыну.



Алысқа ұзамай-ақ Алматыны алсақ, қаланың қай базарына кірсеңіз де тамақ түрі, көкөніс, жеміс түрлерінен көз сүрінеді. Тіпті, біздің елде жоқ, мүлде өспейтін тропикалық жемістер бізде жыл бойы қолжетімді. Яғни қазір жейтін тамақ көп. Нутрициолог-диетолог Жұлдыз Сауытбайқызы айтпақшы, адам аштан емес, бүгінгі күні астан өлуі әбден мүмкін. Ол өзіне кеңес алуға келген науқастарға «дүкеннен дайын тауар, өнім алғанда құрамын оқуды әдетке айналдыру керек» деп үйретеді.

Ал ең қызығы, бүгінде адамдар тамаққа тойғанын білмейді дейді маман. Сол үшін қайта-қайта тамақ ішу, тамақты тоя жеп алу, ашуланса не уайымдаса сол эмоцияны тамақ, тәтті жеу арқылы басу деген әдеттер бүгінгі мегаполис тұрғындарына тән қасиет болып барады. Сол үшін бүгінде ауруға бірден-бір себеп – тамақ түрінің молдығы әрі біздің тамақтану әдебіміздің жоқтығы дейді нутрициолог. Сол үшін де көптеген қыз-келіншектер түрлі диета ұстап, әуре-сарсаңға түсіп жатады. Көбіне күткен нәтижеге қолжеткізе алмай, диета дегеннен де қол үзіп, дәрігердің алдынан бір-ақ шығып жатады. Жақында осы мәселелерге исламдық тұрғыдан тамаша әдіс, шешім барын естідім.

Ол күніне екі рет тамақтану. Таңғы асты жақсылап ішіп, суға, бұға піскен жеңіл әрі қоректік құнары жоғары ет, жұмыртқа, бауыр, қарын, сары май, тары, талқан секілді тамақтармен таңғы ас ішіп алу керек. Одан кейін жеті сағаттан соң кешкі ас ішесіз. Егер арасында қарныңыз ашқан сияқты

болса, тек қана су ішу керек. Осындай тәсілмен 3 күн, не 5, не 7 күн тамақтанып көрсеңіз, тамаша өзгерісті байқайсыз.

– Күніне екі рет тамақтану пайғамбарымыздың сүннетінде бар. Адамға өмір сүру үшін көп тамақ ішіп қажеті жоқ екен. Мен екі рет тамақ ішуді қолға алғалы өзімді жақсы сезініп жүрмін. Басында, әрине, өте қиын болды. Өйткені, қонаққа шақырады. Ондағы дастархан енді аста-төк жайылатынын білесіз. Мен барып тек су ішіп қана отырамын. Елдің бәрі маған таңқалып, тамақ ішуге көндіріп әуре. Мен бас тартып, тек өз ұстанымыма берік болдым. Өйткені, 2-3 күннен кейін өзіңізді сергек сезініп, миыңыз шайдай тұнық болады, өзіңізді жеңіл, жақсы сезінесіз. Біз күніне 2-3 рет емес, 4-5 рет шәй-тамақ ішуге әдеттеніп алғанбыз. Бірақ сол тамақ қорытылып, ағзаға сіңіп үлгермейді. Ал біз әдетте тамақ іздеген сәтте ағзамыз су сұрайды екен. Екі рет тамақтану азып, салмақ тастай алмай жүрген қыз-келіншектерге өте жақсы көмектеседі, – дейді Марал Естемісова.

Аз тамақ ішу адамға бойындағы жаман әдеттерден оңай арылуда септігін де тигізетін көрінеді. Себебі, артық тамақ ішпеген соң адамның ойы да, ісі де сергек болып, ми қызметінің жұмысы жақсаратын көрінеді. Адамның мінезі жақсы жаққа қарай өзгереді. Денсаулық үшін пайдасы өте көп дейді Марал. Пайғамбарымыз (с.а.с) «Адам өмір сүру үшін өте аз тамақ жеткілікті. Асқазанның үштен бірін тамақпен, екіншісін сумен, ал қалған бөлігін ауамен толтырындар» деп бекер айтпаса керек.

КҮНТІЗБЕ

Ережеп – мұсылмандардың ай күнтізбесінің жетінші айы және Алланың құзырындағы қасиетті үш айдың алғашқысы. Григориан күнтізбесіне сәйкес кеше 2 ақпан күні осы қасиетті үш айдың алғашқысы – Ережеп айы кірді.

Ережеп айы кірді

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) осы айларға ерекше көңіл бөлетін. Сондай-ақ, Ережеп айы басталған кезде: «Уа, Алла! Ережеп және Шағбан айларында бізге береке бер, бізді Рамазан айына жеткізе гөр!», – деп дұға оқитын (Бәйһаки).

Ережеп айында елеулі тарихи оқиғалар өткен. Мысалы, жер бетін су басқанда Нұх пайғамбар кемеге мінген, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарға алғашқы уахи түсе бастаған, Миғражға (көкке) көтерілген.

Ережеп – берекелі әрі ұлық ай. Ондағы аз ғана ізгі іске көптеген сауаптар беріледі, құлшылықтар мен дұғалар қабыл болады. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Бес түн бар, онда дұғалар кері қайтарылмайды. Олар – Ережеп айының алғашқы түні, Шағбан айының жартысындағы түн, жұма түні, Ораза және Құрбан айт түндері»**, – деген (Ибн Асакир).

Алла елшісі (с.а.с): «Ережеп – Алла Тағаланың күнеларды кешіретін айы. Алла Тағала құзырында сүйікті ай. Бұл айда ұрыс-жанжал, қантөгіс тоқтатылған. Бұл айда Алла Тағала әнбиялардың, яғни пайғамбарлардың тәубелерін қабыл етіп, әулиелерді

дұшпандарынан қорғаған. Бір кісі ережеп айын ораза ұстап өткізсе, Алла Тағаланың үш жақсылығына ие болады.

1. Өткен күнеларын кешіреді;
2. Қалған өмірінде түрлі теріс қылықтардан сақтайды;
3. Қиямет күні Алла Тағала тарапынан сусындалады», – деп жауап берді.

Осы айда мұбарак екі түн бар. Бұлардың бірі – Рағайып түні болса, енді бірі – Миғраж түні. Бұл айды осы Миғраж түні ерекшелеп тұр. Өйткені, осы түні Алла Тағала мұсылмандарға маңызды құлшылықты өмір еткен, яғни намаз оқу парыз болды. Бұл айды оразамен өткізу өте сауапты іс. Сауаптар он еселеніп жазылады.

КЕРЕК ДЕРЕК



Діни күндерді өткізіп алмаңыз

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы 2022 жылғы діни күндер күнтізбесін бекітті. Миғраж түні биыл 28 ақпаннан 1 наурызға қараған түнге, Бараат түні 17 наурыздан 18 наурызға қараған түнге түсіп тұр. Ораза 3 сәуірде басталады. Қадір түні 28 сәуірден 29-ына қараған түнге келіп тұр. Ораза айт 2 мамырда басталады. Арапа – 8 шілде, Құрбан айт 9–11 шілде аралығына түсіп тұр. Ашура күні 8 тамызға тура келеді. Мәуліт (Мұхаммед пайғамбардың туған күні) 7 қазаннан 8 қазанға қараған түні болады.

Діни мереке күндері жаңа айдың көрінуіне байланысты көрсетілген уақыттан бір күн шегерілуі немесе алға жылжуы мүмкін.

ЖӘДІГЕР

Лұт пайғамбардың қонысы табылды

Иорданиялық сарапшылар аталған елдің оңтүстігіндегі Иордан өзенінің оңтүстік жазығынан Лұт пайғамбардың қонысын тапқандарын жария етті. Бұл оқиға Таяу Шығыс аймағындағы ең маңызды жаңалық болуы мүмкін. Бұл жайында islam.kz порталы Petra ақпарат агенттігіне сілтеме жасай отырып мәлім етеді. Бұл тараптағы ақпарат Иорданияның туристік жолбастаушылар қауымдастығының елдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен бірігіп өткізген семинар барысында белгілі болды. Аталмыш қауымдастық жетекшісі Мұхаммед Хаммадтың осы жаңалыққа орай жасаған мәлімдемесінде бұл бағыттағы иорданиялық ғалымдардың жетістігін жоғары бағалай келе, Лұт пайғамбардың қонысының құрылысына қатысты ғылыми жаңалықтың маңыздылығына тоқталды. Осынау зерттеуге жетекшілік еткен доктор Мұхаммед Уақып (Хашимит университетінен) Лұт пайғамбардың кезіндегі қонысы туралы ғылыми, материалдық, яғни заттай айғақтармен қоса геологиялық, географиялық, сондай-ақ, археологиялық мәліметтерді қоса ұсынды.

Бетті дайындаған Әсел ДАҒЖАН.





«АЛМАТЫ ҚАЛА ЖАРЫҚ» МКК НАЗАРЫНА!

ЖАРЫҚ ҚАШАН
ҚОСЫЛАДЫ?

Алматы – алып шаһар. Аумағы өте үлкен болған соң оны үнемі бақылауда ұстап отырудың өзі мүмкін емес. Сол себепті, қаланың көшелері мен аулаларын жаңа технологиялық форматта жарықтандыру міндетін орындаудың қаншалықты күрделі екендігін жақсы түсінеміз. Алматылық Бағдат Мақсатқызы «Южный» саябағында – Жароков пен Байқадамов көшелерінің қиылысында қаңтар бойы жарық мүлдем болмағанын айтып редакциямызға шағымын жеткізді.

– Қанша рет өтініш білдірдік, бірақ ешқандай нәтиже жоқ. Кешке саябақта көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындары серуендейміз. Бұл бір мезгіл бойы жазып, таза ауада демалуға бо-

латын жалғыз орын. Кеш қарай-са бітті, саябақта жүру сондай қорқынышты, – дейді алматылық тұрғын.

Біз қалалық жарықтандыруға жауапты ұйым қызметкерлеріне хабарласып едік, олардан: «Алматы Қала Жарық» МКК ақауларды жою үшін өтінім қабылданғанын хабарлаймыз. Жұмысты аяқтау мерзімі 1.02.2022 дейін» делінген жауап келді. Сырғытпа жауаптың сырын білмей біз де әлек, тұрғындар да таң-тамаша! Жарық әлі жоқ!

Естеріңізге сала кетейік, кәсіпорынның диспетчерлік пункті өтінімдерді тәулік бойы демалыссыз келесі нөмірлер бойынша қабылдайды: 300-75-41, 300-75-42.



ДАБЫЛ!

Алматыдағы жекеменшік мектеп басшылығы жаттықтырушылар мен 250 гимнаст далада қалды деп дабыл қағуда. Даудың басы көлемі 800 шаршы метр болатын спортзалға қатысты туындаған.

«BEST» гимнастика мектебі Алматы қаласы мамандандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебінің залын соңғы төрт жыл бойы жалға алып келген. Басшылық ауысқаннан кейін, жаңа қожайын гимнастика мектебінің тәрбиеленушілеріне залды жалға беру туралы келісім-шартын ұзартпайтыны туралы мәлімдеген. Жекеменшік гимнастика мектебінің басшысы Ольга Шулико өздеріне зал табу үшін 2 ай ғана уақыт берілгенін айтып, гимнастшыларының болашағы үшін алаңдайтынын жеткізді:

– Мектебімізде 11 жыл жаттығып, спорт шеберіне бар болғаны бір жыл ғана қалған жас спортшылар да, ересек гимнастшыларымыз далада қалайын деп тұр. Біздің мектеп – Қазақстан Республикасы аумағындағы ең мықтылардың бірі ретінде заңды түрде танылған, болашағымыздың зор екенін көпшілік мойындаған мектеп. Спортшыларымыз жыл сайынғы қалалық чемпионаттың жеңімпаздары, олар Қазақстан Республикасының чемпионаттарына қатысып, қалаға нәтиже әкелетін Алматы командасының құрамына кірген. Осы жылдар ішінде біздің жаттықтырушылар құрамы Қазақстан Республикасының жасөспірімдер құрамасының 11 мүшесін, екі



СПОРТЗАЛ ҮШІН ТАЛАС

Спортшы алаңсыз дайындалып, нәтиже көрсету үшін сапалы жаттығуына жағдай жасалуы керек

спорт шеберін, 15-тен астам спорт шеберіне үміткерді дайындады. Енді осындай жетістіктердің зая кеткенін қаламаймыз, – дейді «BEST» мектебінің басшысы.

Олар басты мәселе қалада көркем гимнастикаға сай келетін залдардың жоқтығын айтады. Ол үшін биіктігі 15 метрді құрайтын зал қажет етіледі екен:

– Стандарттар бойынша төбенің биіктігі 15 метр болуы керек. Бірақ біз 10 метрге келісеміз, ал ондай залдар санаулы ғана және олардың барлығы бос емес. Мамандандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебінің жағдайын түсінуге болатынын

білемін. Оларға да бұл зал ауадай қажет. Спортшыларды дайындайтын тиісті орын жоқ. Спортшыға алаңсыз дайындалып, нәтиже көрсету үшін сапалы жаттығуына жағдай жасалуы керек. Біз де бұл залды тастап кете алмаймыз, ал олардың барып жаттығатын жері жоқ. Сондықтан мәселе ортақ, – деді Ольга Шулико.

Десе де, жеке ұйымға балаларды жаттықтыру үшін басқа орындар ұсынылған екен. Алайда, ол ғимараттар спорт сабақтарын өткізуге лайық емес дейді ұйым басшысы.

– Бізге Түрксіб ауданында орналасқан

жөндеу жұмыстарын 1 сағат ішінде аяқтап үлгерді.

Сала мамандарының айтуынша, құбыр диаметрі 160 миллиметрді құрайды. Апаттың салдары құбырдың тозуынан орын алған. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары кезінде ешқандай тұрғын үй суық сумен жабдықтаудан ажыратылмаған. Міне, мұның барлығы Қуаныштай азаматтардың адамгершілігінің, өзінің Алматысына, қала берді, айналадағы елге деген құрметінен туған тап-таза көңіл мен адал ниеттің арқасы. Жақсы адамдар жанымызда жүр!

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫЛАР!

Сіздерге 2022 жылдың қаңтарынан бастап жылмен жабдықтау қызметтеріне халық үшін тариф көтерілмегенін хабарлаймыз.

Әлеуметтік желілерде жарияланатын жалған ақпаратқа сенбеуді және оны таратуға қатыспауды сұраймыз.

Егер сізде «жылыту» және «ыстық су» қызметтері үшін есептеулер бойынша сұрақтарыңыз болса, сіз Тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтарына жүгіне аласыз:

1. «Орталық» ТҚКО – Шафик Шөкін көшесі, 221В, тел.: 341-05-28, 341-05-29, эл.пошта. or_talyc@alts.kz;

2. «Шығыс» ТҚКО – Төлебаев көшесі, 26 (Мәметова көшесінің қиылысы), тел.: 341-05-32, 341-05-33, эл.пошта. shygis@alts.kz;

3. «Батыс» ТҚКО – «Ақсай-4» ықшамауданы, 516, тел.: 341-05-30, 341-05-31, эл.пошта. batys@alts.kz.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС.



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

Кәсіпкерлерге босаңсуға болмайды



Үкімет басшысы **Әлихан Смайылов** елдегі эпидемиологиялық жағдайды бақылауда ұстау қажет. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бизнестің дамуына кедергі келтірмеу үшін карантиндік шектеулер қайта қаралып, азайтылды. Бірақ босаңсуға болмайды. «Атамекен» палатасы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша

«Коронавирусқа қатысты жағдай әлі де тұрақталмай тұр. Индеттің таралу деңгейі әлі де жоғары. Өңірлердің басым бөлігі «қызыл» аймақта. Аурудың ең жоғары деңгейі Павлодар, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында тіркеліп отыр. Сондықтан эпидемиологиялық жағдайды әрі қарай бақылауда ұстау қажет. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бизнестің дамуына кедергі келтірмеу үшін карантиндік шектеулер қайта қаралып, азайтылды. Бірақ босаңсуға болмайды. «Атамекен» палатасы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау бойынша

әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан жұмыс жүргізгені жөн», – деді Үкімет басшысы.

Оның айтуынша, бұл мәселе бойынша кәсіпкерлердің өзі де жұмысына аса жауапкершілікпен қарауға тиіс.

«Сауда немесе тамақтану орындарында, өндіріс алаңдарында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу үшін барлық қажетті шаралар қатаң сақталуы керек. Мұны бизнестің өзі қадағалауы тиіс. Өйткені, әлеуметтік жауапкершілік бірінші кезекте бизнестің өзі үшін қажет», – деді Әлихан Смайылов.

МИНИСТР

ЖРВИ-мен ауырғандардың 50%-ға жуығы – бала



Ел бойынша 1,5 млн. адам коронавирусқа қарсы вакцинаның үшінші дозасын алған. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау министрі **Ажар Финият** Үкімет отырысында мәлім етті.

«Қазіргі уақытта бүкіл республика бойынша А тұмауы вирусының айналымы байқалады. Лабораториялық деңгейде барлығы 500-ден астам тұмау жағдайы анықталды. 2019 жылғы эпидемиологиялық маусыммен салыстырғанда сырқаттану 1,2 есеге өсті. Соңғы аптада сырқаттанудың жоғары деңгейі сақталып, балалар арасында 13%-ға өсті», – деді ол.

Айтуынша, офлайн оқытуға көшкен балаларда КВИ және ЖРВИ-мен сырқаттанудың жоғары қаупі сақталып отыр. «ЖРВИ-мен ауырғандардың 50%-ға жуығы балалар екенін ескере отырып, аумақтардың әкімдері тәрбие және білім беру ұйымдарында профилактикалық шаралардың

сақталуына және уақытылы медициналық көмек көрсетуге назар аударуы қажет. КВИ бойынша эпидемиологиялық жағдай министрліктің тұрақты бақылауында. Елдегі эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру үшін вакциналауды, ревакциналауды және бетперде тағу, әлеуметтік қашықтықты сақтау, халық көп жиналатын орындарға баруды болдырмау сияқты профилактикалық шараларды сақтауды жалғастыру қажет.

Әрқайсымыздың осы шараларды орындауға деген ұмтылысымыз бәрімізге аурудың дамуын басқаруға және пессимистік сценарийдің орындалуына жол бермеуге мүмкіндік береді», – деді Ажар Финият.

РЕСМИ ӨКІЛ

Вакцина салдарынан өлім дерегі тіркелген емес

Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі **Ержан Байтанаев** айтты.



«Біздің елде бар вакциналар толық бақылаудан өткен. Яғни Қазақстанға әкелінетін вакцина алдымен шығарылған елде бақылаудан өтіп, ресми тіркеледі. Бізге әкелген соң оны Ұлттық сараптама орталығы тағы тексереді. Содан соң барып қана тіркейді. Біздің мамандар вак-

цинаны бақылап қана қоймай, оны зерттейді. Осы күнге дейін вакцинаның салдарынан адамның қайтыс болу жағдайы тіркелген емес», – деді Ержан Байтанаев БАҚ-қа берген сұхбатында. Оның сөзінше, әлі күнге дейін коронавирусқа сенбейтін қазақстандықтар да бар екен.

«Вирусты жеңудің жалғыз жолы вакцина екенін адамдарға толықтай жеткізу мүмкін болмай отыр. Кейбір адамдар медицинаның құдыретін жанына дерт батқанда немесе жақынынан айырылған кезде ғана түсініп жатады. Өкінішке қарай, әлі күнге дейін корона-

вирусқа сенбейтін қазақстандықтар бар. Вируспен үшінші жыл күресіп келеміз. Сенбегенімен қоймай, COVID-19-ды сіздер ойлап таптыңыздар ғой деп сұрайтын жандар бар. Бұл жерде фейк ақпараттардың таралуы кері әсерін тигізіп жатыр. Жалған ақпараттарға қатысты күніне бірнеше түсінік беріп, ресми ақпаратқа сүйену керектігі туралы айтып жатырмыз. Дегенмен, келесі күні басқа бір фейк шығып жатады», – деді Е.Байтанаев.

Оның айтуынша, қазір әлемде вакцинаға сұраныс жоғары. Және оны елге жеткізу мемлекеттік деңгейдегі келіссөз бен бірнеше рет кездесудің нәтижесінде жүзеге асып жатыр.

«Сондықтан мүмкіндікті пайдаланып тегін вакцинаны алу керек. Оның үстіне біздің вакцинаның бірнеше түрі бар.

Яғни адамдарда таңдау бар. Қазақстанға сырттан әкелінетін әр вакцина зертханалық тексеріс пен бақылаудан өтеді. Содан соң екпені ел аумағында ресми тіркеуден өткізеді», – дейді ол.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ОМИКРОН»

Залалы аз емес

Коронавирустың «омикрон» штамы жеңіл өтеді, бірақ тез тарайды. Бұл туралы Алматыдағы И.С.Жекенов атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары, инфекционист-дәрігер **Тамара Ұтағанова** ӨКҚ алаңында өткен брифингте айтты.



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Бізде КВИ-мен сырқаттанған науқастардан басқа, менингит, энтеровирус, ішек инфекциясы сияқты жұқпалы ауруларды емдеу жалғасуда. Аталған науқастарды емдеуде ауруханашіліктің инфекцияны болдырмау үшін жағдайлар бұзылған жоқ. Әрбір науқасқа қажет болған жағдайда жеке антикоагулянттық терапия тағайындалады. Бірақ негізінен емдеу қабынуға қарсы терапияны, сондай-ақ көп ішетін терапияны қамтиды. Ерте

дәрігер «омикрон» жұқтырған науқастардың жай-күйі мен емі әртүрлі болатынын атап өтті. «Хаттама сақталса да, біз гормондық терапияны қолдану үшін дәрі-дәрмектердің осындай дозаларына жүгінеміз. Көптеген науқаста бірқатар препаратты қолдану үшін сатурация бұзылған жоқ. Әрбір науқасқа қажет болған жағдайда жеке антикоагулянттық терапия тағайындалады. Бірақ негізінен емдеу қабынуға қарсы терапияны, сондай-ақ көп ішетін терапияны қамтиды. Ерте

медициналық көмекке жүгіну және ерте оқшаулау жақсы көмектеседі. Ауру жеңіл өтеді, бірақ жұқтырғандар саны көп», – деді Т.Ұтағанова.

Сондай-ақ, ол КВИ-ден қалыптасатын «супериммунитеттің» не екенін түсіндірді. Дәрігердің айтуынша, вируспен кездескен сайын иммунитетіміз мутацияланады және сәйкесінше оған қарсы күш жинақталады. Осылайша вакциналанған және сауыға бастаған пациент жүйесінде вакцина-ланбағанға қарағанда иммунитеті жақсарады. Нәтижесінде иммунитет болашақта вирустың өзгергіштігі мен мутациясына дайын болады.

Спикер «омикроннан» кейінгі асқынулар туралы да түсіндірді. «Кез келген жұқпалы аурудың асқынуы созылмалы ауруларды күшейтеді. «Омикронның» өзі тыныс алу жолдарының инфекциясына, сәйкесінше пневмония, тыныс алу жеткіліксіздігі сияқты керіністерге ие болады. «Омикрон» оңай өтеді, алайда қатар жүретін аурулардың асқынуы мен өрісуіне әкеп соқтырады», – деді ол.

КЛИНИКА

Акушерлік бөлім ашылды

Алматыда №1 қалалық клиникалық ауруханада жұқпалы акушерлік бөлім ашылды.



НҮРЖАМАЛ ӘЛІШЕВА

«Акушерлік бөлім жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге және жүктілік кезінде 22 аптадан 36 аптаға + 6 күнге дейін коронавирус инфекциясын жұқтырған босанатын әйелдерге қызмет көрсетеді. 80 төсек-орынмен жабдықталған. Оның ішінде ересектерге арналған 8 реанимация төсегі және бөлек акушерлік операциялық бөлмесі бар. Ал жаңа туған нәрестелерге арналған реанимация бөлмесі 6 кереует. Босану бөлімшесін қамтамасыз ету мен жабдықтауға Алматыдағы барлық перзентхана мен көпсалалы ауруханалар үлкен көмек көрсетті», – дейді №1 қалалық клиникалық аурухананың басқарма төрағасы, бас дәрігері Эрнест Калиев.

Smart Health University City сенімгерлік басқаруындағы қалалық клиникалық ауруханада пациенттерге компьютерлік томография, ультратыбыстық диагностика, спирография жүргізіледі. Емдеу мекемесі орталықтандырылған медициналық оттегімен қамтамасыз етілген.

COVID-19 жұқтырған жүкті әйелдер мен олардың жаңа туған нәрестелері мамандандырылған ерекше көмекке мұқтаж болуы мүмкін. Ал қаладағы эпидемиологиялық ахуалға байланысты ашылып отырған жұқпалы акушерлік бөлімшесі осы бағытта кәсіби тұрғыда көмекке келеді. Яғни көтерер жүгі де, пайдасы да үлкен.

«Коронавирус жұқтырған жүкті әйелдердің мерзімінен бұрын босанып қалуы да мүмкін. Сонымен қатар, COVID-19 әсіресе жүкті және жаңадан босанған әйелдерге тән стресс пен алаңдаушылық деңгейін арттырады және осындай кезде медицина мамандары жүкті әйелдердің қажеттіліктеріне жауап беруде сауатты және жауапты болуы керек екендігін ескеру маңызды», – дейді акушерлік бөлімшесінің басшысы Сауле Кабылова.

МӘМС

Тіліксіз ота сәтті өтті

Алматыда қалалық №7 аурухана дәрігерлері созылмалы геморройға шалдыққан пациентке тұңғыш рет МӘМС шеңберінде операция жасады. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы қаласы филиалының өкілдері мәлім етті.

46 жастағы науқас ауруханаға тік ішегінен қан кете бастағанда хабарласқан. Айтуынша, оның бұл кеселге тап болғанына 5 жылдан асқан. Кейінгі айларда геморрой асқынып, дәретке отыруы қиындап кеткен. Тиісті диагностикалық тексерулерден кейін дәрігерлер оған «2-ші дәрежелі созылмалы геморрой» диагнозын қойып, ота жасау туралы шешім қабылдайды. Сөйтіп, пациенттің тік ішек артерияларына эндоваскулярлық эмболизация жасалды.

Проктолог-маман **Марат Каленбаевтың** айтуынша, операцияның бұл түрі дәстүрлі отанын қауіпсіз баламасы. «Бұл процедура наркозсыз жасалады. Оның үстіне, тоқ ішекті алдын ала дайындауды қажет етпейді. Шағын инвазивті операцияның арқасында пациент бірнеше сағаттан кейін орнынан тұрып жүре бастайды, дәретке де қиналмай барады. Сондай-ақ, отаның орны ауырмайды, себебі, тілік жасалмайды, сондықтан жара болмайды», – дейді Марат Каленбаев.

Осы орайда айта кетсек, тік ішек артерияларының эндоваскулярлық эмболизациясы клиникада тұңғыш рет жасалып отыр. Оған клиниканың интервенциялық хирургия бөлімі меңгерушісі **Сәкен Анартаев** жетекшілік етті. Отадан кейін пациент көп ұзамай сауығып, ауруханадан шықты. Мамандардың айтуынша, аталған емдеу тәсілі 1, 2 және кейде 3-стадиядағы сырқаттарға қолданылады. Пациент проктолог-дәрігерге қаншалықты ерте қаралса, қауіпсіз тәсілді қолданып емдеу мүмкіндігі де соншалықты жоғары болмақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖОБА

Әйелдер вагоны
көбейдіӘсел
БЕЛДЕУБАЕВА

**«Қазақстан теміржолы»
1 ақпаннан бастап әйелдерге
арналған вагоны бар пойыз
санын көбейтті. Онда 7 жасқа
дейінгі ер балаларды ертіп
алуға болады.**

Пилоттық режимде алты пойызда әйелдер вагоны ашылды:

- 1) № 45/46 «Павлодар – Шымкент»;
- 2) № 85/86 «Нұр-Сұлтан-1 – Шымкент»;
- 3) № 37/38 «Маңғыстау – Нұр-Сұлтан – Нұрлы жол – Семей»;
- 4) № 47/48 «Нұр-Сұлтан – Нұрлы жол – Атырау»;
- 5) № 379/380 «Алматы-2 – Орал»;
- 6) № 73/74 «Алматы-2 – Жезқазған»

бағыттары бойынша жолаушылар пойызында әйелдер вагоны жұмыс істейді.

Бұл туралы «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ баспасөз қызметі хабарлады.

Сайттарда және билет кассаларында әйелдер вагондарына теміржол билетін рәсімдеген кезде жолаушылар мұқият болып, шартты белгілерге назар аударуы тиіс. Әйелдер вагондарына ертіп жүретін адам болған кезде 7 жасқа дейінгі ер жынысты балаларды рәсімдеуге де болады.

Жол жүру кезінде сұрақтар туындаса, жолаушылар өз вагонының жолсерігіне немесе пойыз бастығына жүгіне алады.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың қазан айында клиентке бағдарлану және сервис деңгейін арттыру үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ №77/78 «Алматы – Маңғыстау» және №351/352 «Алматы-1 – Өскемен» жолаушылар пойыздарында әйелдер вагондарымен жол жүру қызметін іске қосқан еді.

Жоба іске қосылған сәттен бастап (2021 жылғы 10 қазан мен 31 желтоқсан аралығында) бұл қызметті 13 243 әйел жолаушы пайдаланған.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТТЕР ЖОСПАРЫ
әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыра ала ма?

Өткен аптада Үкімет еліміздің батыстағы 4 облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарын бекітті. Жоспардың жалпы құны – 15 триллион теңге. Бағдарламаның өзі төрт жылға есептелген. Соған сәйкес бөлінген қаржы әр кезеңге орай шығындалады.

Дәл осы жерде бұқаралық ақпарат құралдарында қозғала бастаған бір мәселеге тоқтала кетуге тиістіміз. Қазақстанның үстіміздегі жылғы бюджетінің көлемі барша салықтарымен, бюджет дефицитімен және Ұлттық қордан бөлінетін трансфертімен қоса 15 триллионнан сәл ғана асады. Ал сонда осыншалық қаржы қайдан шықпақ?

Соны ескеріп, мұншалықты қаржы шығыны қандай факторларға, сондай-ақ қандай мақсаттарға негізделгеніне тоқтала кетуді жөн санадық.

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН ИГЕРУ –
ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМА

Өткен айдың соңында Ұлттық экономика министрлігі үкімет басшысына «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандырудың оперативті әрекеттерінің жоспарын» ұсынды.

Тақырыпқа орай айта кету парыз, бұған дейін Қазақстан үшін бюджет қаржысының игерілуі проблема туғызып келгені өтірік емес. Дерек көздеріне қарағанда, жыл сайын 1 миллиардтай теңге көлеміндегі бюджет қаржысына байланысты проблема туындайтын көрінеді. Әрине, ол – мемлекет үшін үлкен минус.

Жоспардың өзі бес бағытқа негізделген 51 шарадан тұрады. Оның ішінде қоғамдық тәртіпті қалпына келтіру, әлеуметтік инфрақұрылым, бағанын ретсіз көтерілуіне жол бермеу, тұрғындарды және кәсіпкерлікті қолдау бар.

Дерек көздеріне қарағанда, әр бағыт бірнеше пункттен тұратын көрінеді. Атап айтқанда, қоғамдық тәртіпті қалпына келтіруге 15 шара белгіленген.

Оның ішінде күштік құрылымдардың әскери дайындығын арттыру, зақымдалған объектілер мен күш құрылымдарының материалдық базаларын нығайту бар.

Ал әлеуметтік бағытта мемлекеттік орган қызметкерлеріне, жарақат алғандарға өтемақы төлеу, марқұм болғандардың отбасына көмек көрсету, тұрғындар мен бизнеске жүктелген берешектерді азайту, мұқтаж азаматтарға тұрғын үй көмегін көрсетудің жаңа тәртібі мен механизмін енгізу сияқты бағыттар қарастырылыпты.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ
БАНКРОТТЫҒЫ

туралы заң қабылдау жөнінде тұңғыш рет бап қарастырылмақ

Дәл осы жерде қарапайым халықтың назарын ерекше аударып отырған бір жайтқа тоқтала кетуіміз керек. Осы бағытта елімізде тұңғыш рет жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылдау туралы бап қарастырылмақ (!).

Банк кредиттерінен мезі болып, мазасымен қоса, тұрмысы ауырлаған қарапайым халық үшін алдымен «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңның қабылдануы

маңызды. Себебі, белгілі бір топтардың қалтасын тығыздауға бағытталды деп жүрген банк кредиттері мәселесі бүгінгі таңда қоғамда барлық әлеуметтік проблеманың төбесіне шығып тұрғаны айтпаса да белгілі.

Шынтуайтына келсек, банкроттық мәселесі бізде дұрыс қарастырылмаған. Бізде бұған дейін жеке тұлғалардың мүддесі ескерілген емес. Ал өркениетті елдердегі банкроттық туралы заңда салымшының, яғни біздің жағдайда кәсіпкердің мүддесі алдымен қорғалады. Салымшы салықтың жөнсіз көтерілуінен, жөнсіз айыппұл санкцияларынан босатылады. Соның бәрі шағын және орта бизнесті аяғынан тұрғызуға бағытталады. Яғни өркениетті дүниеде банкроттық мүлдем құрып кетуді, кедейленуді білдірмейді. Бәрінен бұрын бизнес бұрынғы жұмысын жалғастыруға мүмкіндік алады.

Өзіміз көріп отырғандай, бұған дейін қазақстандықтар мұндай мемлекет тарапынан жасалар жақсылықты түсінде де көрген жоқ болатын.

Өлбетте, үкіметтің осы бір заңды қабылдау туралы жоспар белгілеуі дер кезінде көтерілген мәселе дер едік. Оған дәлел өткен жылдың соңында «Ақбұлақ» шағынауданындағы атыс пен бес адамның қазасы екені тағы рас.

Демек, Қазақстан жағдайында жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылдар кез келді деген сөз!

НАРЫҚТАҒЫ БАҒА

Қарапайым халықты қатты алаңдатып отырған жағдайдың бірі – нарықтағы баға мәселесі. Ұлттық экономика министрлігі өткен аптада үкіметке ұсынған жоспарда осы бағаға байланысты 15 шара бар. Олар – сұйытылған газды саудалаудың жаңа механизмін жасау, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шараларын қаржыландыруды ұлғайту, т.б.

Өздеріңіз көріп отырғандай, Ұлттық экономика министрлігінің үкіметке ұсынған жоспары аса маңызды болып отырған көптеген ағымдағы проблемаларды шешуге негізделген екен.

Ал елдің үмітін оятқан жоспардың бастапқы кездегі аяқ алысы қалай екен?

Жасыратыны жоқ, соңғы кездегі Қасым-Жомарт Тоқаев қолға алып отырған реформа-

лардан соң басқарушы органдарға да прогрессивті қозғалыс ене бастаған сияқты.

Ұлттық экономика министрлігі тарапынан қарапайым халықтың көптің көкейінде жүрген мәселелер қарастырылған жоспардың ұсынылуы да соның нәтижесі дер едік.

КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР,
АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕР

Бұл жолы үкіметтің халық жағына шыға бастағаны айдан анық. Біз сөз етіп отырған бағдарлама қазірдің өзінде іске асырыла бастады. Алғашқы нәтижелерді Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарынан байқауға болады.

Атап айтқанда, Қазақстанның батыс облыстарындағы осы бағыттағы шаралар өнеркәсіпті дамытуға, суды тұщыландыру зауыттарын салуға, сумен қамтамасыздандыру жүйесін құруға, энергетиканы модернизациялауға, мектептер мен ауруханалар салуға бағытталған.

Бәрінен бұрын Қазақстанның батыс өңірі үшін ауызсу проблемасы маңызды. Теледидардан күні кеше ғана Маңғыстау облысындағы кейбір ауылдарда ауызсу проблемасының шешіле бастағаны көрсетілді. Демек, бұл да аталмыш бағдарламаның шұғыл түрде іске асырыла бастауының айғағы.

Оған 1 ақпанға дейін салық және кеден тексерістерінің тоқтатылғанын, утильсбор бойынша басқа оператордың тағайындалғанын, сот орындаушылар әрекетінің уақытша шектелгенін қоссақ, мәселенің ақ-қарасы айқындала түседі.

Кей сарапшылардың айтуынша, бюджетті игеруде республика бойынша жыл сайын 1 миллиардтай теңгеге байланысты проблеманың туындауы үкімет тарапынан жоспарлаудың кінәратты болуынан көрінеді.


Соны ескерген Әлихан Смайыловтың үкіметі тұңғыш рет «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыру жөніндегі әрекеттердің оперативті жоспарын» қарастырмақ.

Шынтуайтына келгенде, еліміздегі саяси-әлеуметтік, тұрмыстық-экономикалық сипаттағы оңтайлы реформалардың басы да осы болуға тиісті.

Өмірзақ МҰҚАЙ.

ЭКОЖҮЙЕ

Ағаш ферма ауа тазартпақ



Таяуда Inverse ақпарат көзіне сұхбат берген Аризона университетінің Клаус Лакнер есімді америкалық профессор өзі ойлап тапқан климат өзгерісіне қарсы жүйе туралы айтып берді. Жаһандық жылынуға себеп болып отырған атмосфераға бөлінген парникті газды аулайтын жоба авторының айтуынша, ауадан CO₂-ні аулайтын бұл құрылғы диаметрі бір жарым метрден асатын дискілерден тұратын, арнайы шайырмен қапталған бағандар ретінде сипатталады. Дискілер арасындағы арақашықтық шамамен 5 см. ғана. Бұл құрылғыдан ауа өткен сәтте дискілер CO₂-ні сіңіріп алады. Бір

ҚОҚЫС

Кітапқа
айырбастайды

Мұсылмандар саны бойынша әлемде 1-орында тұрған Индонезияда коқыс көмегімен балалар сауатын ашу бастамасы әлемдік медиа назарына ілінген. Дәлірегі, Ява ара-

лындағы мектеп жасындағы балалар коқыс жинап, онысын кітапқа айырбастай алады. Бұл бастаманы Раден Роро Хендарті есімді жергілікті мұсылман әйел қолға алған. Ол үш доналақты фургонмен көшпелі кітапхана жасақтаған екен. Күн сайын көше шарлап, балаларға арналған кітаптарды ол коқысқа айырбастайды. Оның коллекциясында алты мың кітап бар. Балалар пластик пакет, целлофан секілді қоршаған ортаға зиянды коқысты әйелге тапсырып, өзі ұнатқан кітабын таңдап алады. Кітапханашы әйел апта сайын шамамен 100 келі коқыс жинап, оны сұрыптап, өңдеуге береді. Осылайша балаларды кітапқа баулып, бір мақсатына жетсе, қоршаған ортаны қорғап екі ұтуда. Балалар кітапқа не болу үшін коқыс жинауға арнайы уақыт та бөлетін болған. Индонезияның 15 жастан жоғары тұрғындарының сауаттылық деңгейі 96 пайыз. Алайда, Бүкіл әлемдік банктің қыркүйек айындағы болжамы бойынша пандемияға байланысты сауаттылық деңгейі төмендеп келеді. Индонезия жастарының 80 пайызы әріпті ежіктеп оқитын деңгейге дейін түсіп кеткен.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.



АЛЬПИНИАДА

ШЫҢҒА ӨРЛЕДІ

Алматы тауларында 29-30 қаңтар күндері атақты альпинист Анатолий Букреевті еске алуға арналған Амангелді шыңына шығу бойынша жарыс өтті.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Анатолий Букреев – кеңестік және қазақстандық альпинист, «қар барысы» атағының иегері (1985 ж.), КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері (1989 ж.), КСРО-ның халықаралық дәрежедегі спорт шебері (1989 ж.), «Жеке ерлігі үшін» орденінің кавалері (1989 ж.), «Ерлігі үшін» қазақстандық медалінің иегері (1998 жылы, қайтыс болғаннан кейін), американдық альпклубтың жоғары марапаты – Дэвид Соулстың өз өміріне қауіп төндіретін адамдарды тауда құтқарған альпинистерге берілетін медалі (1997 ж.).

Қазақстанда Анатолий Букреевтің құрметіне Іле Алатауының шыңдарының біріне атауы берілген. Альпинистер мен скайранерлер жыл сайын оның туған күніне арналған жарыстар өткізеді. Биылғы жылы ковидтік шектеулерге байланысты жарыс мерзімдері өзгертілген.

Еске алуға арналған шыңға өрлеу жарысы 2 күнге созылды. Бірінші күні өрлеу 1500 қашықтықты құрады. Жарыс «Тұйықсу» альплагерінен (2450 м.) басталып, мәре – Амангелді шыңының бастіонына (3950 м.) дейін жетті. Ұзындығы – 6 шақырым, биіктігі – 1500 м.

Догада алматылықтардан бөлек Ресей, Украина, Англия, Қырғызстаннан – барлығы 126 қатысушы бақ сынаған. Тартысты жарыста 1:16:10 нәтижесімен Алмас Рахымбаев абсолютті жеңіске жетті. Екінші орын Сухонос Федор – 1:18:30, үшінші орынды Рахымбаев Дәулет алды – 1:21:31.

60–69 жас аралығындағы спортшылар арасында алматылық Тезекбаев Манат бірінші болып мәреге жетті – 2:06:29, ал Шымкенттің өкілі Оразалин Ербол екінші болып шыңды бағындырды – 2:31:22.

Әйелдер арасында бірінші орын ресейлік Марина Георгиеваға бұйырды – 1:38:08. Екінші орынды – Тейш Элизабет 1:47:13 (Қазақстан) және үшінші орынды Ольга Воронова – 1:48:39 (Украина) иеленді.

40–59 жас санаты бойынша:

1. Екатерина Шатная – 1:55: 50 (Қаз);
2. Торғын Шоланова – 2: 06: 56 (Қаз);
3. Татьяна Кучина – 2:18:02 (Украина).

Екінші күні өрлеу 1000 қашықтықты құрады. Жарыс «Тұйықсу» альплагерінен (2450 м.) бастау алып, мәре –



Альпинград алаңына (3450 м.) дейін жетті. Ұзындығы – 5 шақырым, биіктігі – 1000 м.

Бұл қашықтықта Федор Сухонос – 0:54:08 (Қаз) жеңіске жетті. Екінші болып мәреге Нияз Жанзаков – 0:54:08 (Қаз), үшінші болып Самарай Кирилл – 0:57:45 (Қаз) жетті.

(70+) санатында Ковальчук Владимир – 1:37:45 (Қаз), Бал Эмиль – 2:01:08 (Қаз) топтан оза шықты.

Ал әйелдер арасында үздік үштікке Марина Георгиева – 1:07:01 (Ресей), Диана Валиулина – 1:13:07 (Қаз), Толкын Нұрышева – 1:14:51 (Қаз) жайғасты.

(60+) санатында Вера Толкынова – 1:35:42 (Қаз) жеңіске жетті.

Sky Sprint 600 қашықтығы бойынша ерлер арасында үздіктер қатарын Роман Кузнецов – 0:31:40 (Қаз), Ержан

Жанарстанов – 0:32:48 (Қаз), Ердос Байымбетов – 0:32:48 (Қаз) толықтырды.

Әйелдер арасында Ләззат Құрманова – 0:51:28 (Қаз), Гүлжан Аманқұлова – 0:52:16 (Қаз), Мәдина Ақбаева – 0:53:12 (Қаз) топтан оза шықты.

Жарысты ұйымдастырушылар – «экстремалды Атлетика» ҚБ, «Алматы қаласының Альпинизм федерациясы» ҚБ, «Тұйықсу» альплагері. Спортшылар іс-шараның үздік ұйымдастырылғанын айтып, қатысушылар үшін барлық жағдайлар жасалғанын жеткізді. Ұйымдастырушылар өз алдарына қойған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін көп жұмыс жасады. Атап айтқанда, бұқаралық спорт түрлерін дамыту және насихаттау, салауатты өмір салтын насихаттау, қатысушылардың спорттық шеберлігін арттыру, ішкі және сыртқы туризмді дамыту және т.б.

ФЕДЕРАЦИЯ

Ертеден қазақ баласын «асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деп тәрбиелеуші еді. Алайда, бүгінгі күні электронды ойынды кәсіпке айналдырған киберспортшылардың бағы жанып тұр. Қазақстан киберспорты жоғары қарқынмен дамуда.



Досбол
АТАЖАН

Қазақстан киберспортының тарихы 2002 жылы Оңтүстік Кореяның Деджон қаласында өткен «World Cyber Games 2002» чемпионатына қазақстандық құраманың қатысуынан басталады. Жүлде қоры 300 мың АҚШ долларын құраған жарысқа 45 елден 462 ойыншы қатысқан. «Counter-Strike» ойынынан отандық «Cupidon» командасы бас жүлдені иеленген.

2017 жылы «Qazaq Cybersport Federation» ұйымының құрылуы елдегі киберспорттың дамуына жаңа серпіліс берді. Бұл коммерциялық емес ұйым отандық киберспортты дамытып, әлемдік дәрежеге көтеру мақсатында кәсіби ойыншылардың қолдауымен құрылған. 2018 жылы 25 маусымда аталмыш ұйым дайындаған өтінім негізінде киберспорт кәсіби спорт түрлерінің тізіміне енгізілді және ресми мәртебеге ие болды. Ал 2020 жылы «QCF» Ұлттық Олимпиада комитетімен мойындалып, Қазақстанның ресми киберспорт федерациясына айналды. Бүгінде федерация AeSF(Азиялық

электрондық спорт федерациясы), GEF (Жаһандық киберспорт федерациясы), IeSF (Халықаралық киберспорт федерациясы) қауымдастықтарының мүшесі болып табылады.

Қазірге дейін Киберспорт федерациясы 141 отандық және халықаралық дәрежедегі жарыстарды ұйымдастырса, ұйым сайтына 7900 жуық команда тіркелген. Бұл сан күннен-күнге артуда. Сонымен қатар, қауымдастық қолдауымен «National Esports Student Association» студенттік киберспорт лигасы құрылды. Федерацияның бас

хатшысы еліміздегі киберспорттың болашағы мен ұйым жұмысы туралы былай дейді:

«Біздің спортшыларымыз халықаралық аренада өнер көрсетіп, жүлделі орындарды иеленуде. Бұл отандық киберспорттың дұрыс бағытта дамуының көрсеткіші деп ойлаймын. Жасөспірімдер мен балаларды кәсіби киберспортқа баулу да жақсы қарқынмен жүруде. Жақында мектеп лигасының құрылатынын және алғашқы ойындар 2022 жылдың бірінші жартысында өтетінін де хабарлаған болатынбыз».



Киберспорт қарқын алды

Бұл спорт түрі 2024 жылдан бастап жазғы Олимпиада ойындарының тізіміне кіруі мүмкін

Қазақстан киберспортшыларының соңғы жылдардағы жетістіктері:

- DTS-CUP 2009 (Dota) халықаралық турнирінде «OSoNe» командасы 1-орын иеленді;
- PGL 2017 Krakow Major чемпионатында «Gambit Esports» командасы жеңіске жетті;
- ROG Masters 2017 ойындарында «Gambit Esport» командасы бас жүлде алды;
- CIS Minor Championship 2018 — Boston чемпионатын «AVANGAR» командасы ұтып алды;
- IEM Katowice 2018 PUBG турнирінде «AVANGAR» командасы жеңіске жетті;
- BLAST Pro Series Moscow 2019 халықаралық турнирінің бас жүлдесін «AVANGAR» командасы иеленді;
- Қазақстан оқушыларының командасы CS:GO-дан 2021 жылы өткен ISF E-sport Games әлем чемпионатының жеңімпазы атанды;

Қазақстан киберспорт федерациясының вице-президенті Евгений Богатыревтың айтуынша, киберспорт ойындары 2024 жылдан бастап жазғы Олимпиада ойындарының тізіміне кіруі мүмкін. Осыншалық дәрежеге көтерілген спорт түрінің елімізде дамып жатқанына қуаныштымыз. Оңтүстік Кореяның 1997 жылғы қаржылық дағдарыстан шығуына киберспорт саласы үлкен үлес қосқан. Қазақстанда киберспорттың дамуы да ел экономикасына өз пайдасын тигізеді деп сенеміз.



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Алматы қаласының Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының көтерер жүгі ауыр. Себебі, ол қалың елдің, әлеуметтің әл-ауқатын көтеру жолындағы жұмыстарды жүйелі үйлестіріп отыруға тиіс. Яғни әрбір алматылық көштен қалмай, жақсы тұрмыс кешсе дейді. Алматы бюджетінің басым бөлігінің осы әлеуметтік салаға жұмсалатыны да сондықтан. Ал осы бағытта былтыр қандай жұмыстар тындырылды? Өзге де бірқатар сауалымызға Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы Назира ТОҒЫЗБАЕВА жауап береді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

– Назира Асылбекқызы, әл-ауқаты осал топтарға жататын азаматтарға, отбасыларға қандай көмектің түрі болса да ауадай қажет. Соның ішінде жәрдемақы төлеу және әлеуметтік көмек көрсету тұрғысындағы жұмыстарыңыз нәтижелі болды ма?

– Иә, дұрыс айтасыз, сондықтан да біз қашан да әлеуметпен бірге болуға тырысымыз. Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) көрсетіледі.



Кедейлік шегі тоқсан сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% мөлшерінде айқындалады: 2021 жылғы 4 тоқсанға күнкөріс деңгейі – 42 659 теңгені, кедейлік шегі 29 861 теңгені құрады. АӘК шартсыз және шартты ақшалай көмекке жіктеледі. АӘК төлеуге 2 239,6 млн. теңге бөлінді.

22.05	Никита Волков, Любовь Аксёнова, Евгений Харитонов, Артём Волобуев в остросюжетном сериале «ВОКАЛЬНО-КРИМИНАЛЬНЫЙ АНСАМБЛЬ» 1-я и 2-я серии.
0.05	«Основано на реальных событиях». «Кто подставил Ковтуна?» 1-я серия.
1.00	«Сегодня».
1.15	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА» 77-я - 80-я серии.
5.00	«Еда без правил».

СЕЙСЕНБІ
8 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Цыпленок жареный». Многосерийный фильм (16+)
19.20	Премьера сезона. «Док-ток» (16+)
20.10	«Вечерний Ургант» (16+)
20.40	«Никита Симонян. «Его Величество Футбол» (12+)
21.35	«Время покажет» (16+)
23.35	«Модный приговор» (6+)
0.00	Новости
0.05	«Модный приговор» (6+)
0.30	«Мужское / Женское» (16+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс, Иван Паршин, Михаил Карпенко в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-3». «Второе дыхание», «Осиное гнездо» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-3». «Осиное гнездо» (продолжение), «Ложный SOS», «Свои».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.45	«За гранью».
17.55	«ДНК».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Денис Шведов, Сергей Маковецкий, Антон Васильев, Артур Смолянинов в детективном сериале «ВОЛК» 13-я серия. 14-я серия (заключительная).
22.05	Никита Волков, Любовь Аксёнова, Евгений Харитонов, Артём Волобуев в остросюжетном сериале «ВОКАЛЬНО-КРИМИНАЛЬНЫЙ АНСАМБЛЬ» 3-я и 4-я серии.
0.10	«Основано на реальных событиях». «Кто подставил Ковтуна?» 2-я серия.
1.00	«Сегодня».
1.15	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА» 81-я - 84-я серии.
5.00	«Еда без правил».

СӘРСЕНБІ
9 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
10.15	Евгений Пронин, Кристина Асмус, Сергей Бондарчук (мл.), Александр Робак в фильме «Чемпионы: Быстрее. Выше. Сильнее» (12+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.10	«Мужское / Женское» (16+)
13.55	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Цыпленок жареный». Многосерийный фильм (16+)
19.20	Премьера сезона. «Док-ток» (16+)
20.10	«Вечерний Ургант» (16+)
20.45	«Виктор Тихонов. Последний из атлантов» (12+)
21.40	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
0.55	«Мужское / Женское» (16+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-3». «Квота на икру», «Мирские хлопоты» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-3». «Мирские хлопоты» (продолжение), «Занимательная геология», «Чёрный дайвер» (заключительная серия).
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.45	«За гранью».
17.55	«ДНК».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Денис Никифоров в детективном сериале «БИМ» 1-я и 2-я серии.
22.05	Никита Волков в остросюжетном сериале «ВОКАЛЬНО-КРИМИНАЛЬНЫЙ

0.10	АНСАМБЛЬ» 5-я и 6-я серии.
	«Основано на реальных событиях». «Кто подставил Ковтуна?» 3-я серия.
1.00	«Сегодня».
1.15	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА» 85-я - 88-я серии.
4.55	«Квартирный вопрос».

БЕЙСЕНБІ
10 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.25	«Время покажет» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.30	«Давай поженимся!» (16+)
13.15	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости (с субтитрами)
15.40	«На самом деле» (16+)
16.50	«Пусть говорят» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Премьера. «Цыпленок жареный». Многосерийный фильм (16+)
19.20	«Большая игра» (16+)
20.10	«Вечерний Ургант» (16+)
20.45	«Александр Сергеевич Пушкин. Разговор о нелепых подозрениях» (12+)
21.40	«Время покажет» (16+)
0.00	Новости
0.05	«Время покажет» (16+)
0.55	«Мужское / Женское» (16+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс, Иван Паршин, Роман Грибков в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-4». «Новые друзья или игры патриотов», «Случай на пляже» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-4». «Случай на пляже» (продолжение), «Корсары», «Ограбление на водах».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	«Место встречи».
16.00	«Сегодня».
16.45	«За гранью».
17.55	«ДНК».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Денис Никифоров, Александр Армер, Андрей Багиров, Надя Славецкая в детективном сериале «БИМ» 3-я и 4-я серии.
22.05	Никита Волков, Любовь Аксёнова, Евгений Харитонов, Артём Волобуев в остросюжетном сериале «ВОКАЛЬНО-КРИМИНАЛЬНЫЙ АНСАМБЛЬ» 7-я и 8-я серии.
0.05	«Основано на реальных событиях». «Кто подставил Ковтуна?» 4-я серия.
1.00	«Сегодня».
1.15	«ЧП. Расследование».
1.50	«Поздняков».
2.05	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА» 89-я - 92-я серии.

ЖҰМА
11 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

2.00	Телеканал «Доброе утро» (6+)
5.00	Новости
5.05	Телеканал «Доброе утро» (6+)
6.15	«Пусть говорят» (16+)
7.15	«Жить здорово!» (16+)
8.05	«Модный приговор» (6+)
9.00	Новости
9.05	«Время покажет» (16+)
11.40	«Давай поженимся!» (16+)
12.00	Новости (с субтитрами)
12.35	«Давай поженимся!» (16+)
13.20	«Мужское / Женское» (16+)
14.05	«Время покажет» с Артемом Шейниным (16+)
15.00	Вечерние новости

15.40	«Человек и закон» с Алексеем Пимановым (16+)
16.50	«Поле чудес» (16+)
18.00	«Время»
18.30	Шоу Максима Галкина «Лучше всех!». Новый сезон (6+)
19.50	«Вечерний Ургант» (16+)
20.40	Михаил Пореченков, Екатерина Владимирова, Константин Крюков в комедии «Держи удар, детка!» (12+)
22.25	Анна Самохина, Валентин Гафт, Владимир Стеклов, Борис Щербаков в фильме «Воры в законе» (16+)
0.00	Александр Фатюшин, Георгий Жжёнов, Вячеслав Шалевич в фильме «Лекарство против страха» (12+)
1.35	«Модный приговор» (6+)



НТВ-МИР

6.00	«Утро. Самое лучшее».
7.25	«Чрезвычайное происшествие».
8.00	«Сегодня».
8.25	Олег Чернов, Дарья Юргенс, Иван Паршин, Роман Грибков в остросюжетном сериале «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-4». «Горящая путёвка», «Беглец» (начало).
10.00	«Сегодня».
10.25	Сериал. «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ-4». «Беглец» (продолжение), «Эхо войны», «Неуловимый».
13.00	«Сегодня».
13.25	«Чрезвычайное происшествие».
14.00	Александр Половцев, Михаил Трухин, Евгений Дятлов, Олег Андреев в детективном сериале «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-10». «Не дороже денег», «Дикий пляж».
16.00	«Сегодня».
16.45	«ДНК».
18.00	«Жди меня».
19.00	«Сегодня».
20.00	Премьера. Денис Никифоров, Александр Армер, Андрей Багиров, Надя Славецкая в детективном сериале «БИМ» 5-я - 8-я серии.
0.15	«Своя правда» с Романом Бабаевым.
2.10	«Мы и наука. Наука и мы».
3.05	Владимир Стеклов, Марина Волкова, Алексей Янин, Андрей Стоянов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА» 93-я - 95-я серии.

СЕНБІ
12 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Телеканал «Доброе утро. Суббота» (6+)
6.05	«Умницы и умники» (12+)
6.45	«Слово пастыря» (6+)
7.00	Новости
7.05	К юбилею Татьяны Тарасовой. «Лед, которым я живу» (12+)
8.00	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.05	«Видели видео?» (6+)
9.50	Ирина Муравьёва, Владимир Меньшов, Екатерина Васильева, Валентин Гафт в фильме «Год телёнка» (12+)
12.05	«Волки и овцы: 6-е-е-е-зумное превращение». Анимационный фильм (6+)
13.30	Жан Рено, Кароль Буке в фильме «Васаби» (16+)
15.05	«Кто хочет стать миллионером?» с Дмитрием Дибровым (12+)
15.45	«Точь-в-точь» (16+)
18.00	«Время»
18.20	«Сегодня вечером» (16+)
19.50	Виктор Добронравов, Валентина Мазунина в комедии «Ну, здравствуй, Оксана Соколова!» (16+)
21.30	Данила Козловский, Клавдия Коршунова, Игорь Гордин в фильме «Дубровский» (16+)
23.40	Лариса Лужина, Вячеслав Тихонов, Леонид Быков в фильме «На семи ветрах» (12+)
1.25	«Наедине со всеми» (16+)
2.10	«Модный приговор» (6+)



НТВ-МИР

6.05	Владимир Фекленко, Светлана Брюханова, Алексей Моисеев, Александр Боевдин в детективном сериале «МУХТАР
------	---

8.00	НОВЫЙ СЛЕД». «Лифтёр», «Раз русалка, два русалка».
8.20	«Сегодня».
8.55	«Смотр».
9.35	«Поедем, поедим!»
10.00	«Готовим с Алексеем Зиминным».
10.20	«Сегодня».
	Эдуард Флёров, Александра Комиссарова, Руслан Корнеков, Антон Филипенко в сериале «АГЕНТСТВО СКРЫТЫХ КАМЕР».
	«Старьевщик», «Жених из ада».
11.35	«Главная дорога».
12.15	«Живая еда» с Сергеем Малозёмовым».
13.10	«Квартирный вопрос».
14.15	«Своя игра».
15.05	Константин Соловьев, Роман Грибков, Наталья Высочанская в остросюжетном сериале «РЖАВЧИНА». «Пост», «Лекарство от денег».
19.00	«Центральное телевидение» с Вадимом Такменёвым.
20.25	«Ты не поверишь!»
21.20	«Секрет на миллион».
23.20	«Международная пирамида» с Тиграном Кеосаяном.
0.05	Эдуард Флёров в остросюжетном фильме «ДВЕНАДЦАТЬ ЧАСОВ» 1-я и 2-я серии.
2.05	«Квартирник НТВ у Маргулиса». «Максим Леонидов».
3.25	«Захар Прилепин. Уроки русского».
3.55	Владимир Стеклов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА» 96-я и 97-я серии.
5.40	«И снова здравствуйте!»

ЖЕКСЕНБІ
13 АҚПАН

ПЕРВЫЙ КАНАЛ

3.00	Новости
3.10	Виктор Проскурин, Вера Глаголева в фильме «Выйти замуж за капитана» (12+)
4.40	«Играй, гармонь любимая!» (12+)
5.15	«Часовой» (12+)
5.45	«Здоровье» (16+)
6.40	«Непутёвые заметки» с Дм. Крыловым (12+)
7.00	Новости
7.10	Жанна Бадоева в проекте-путешествии «Жизнь других» (12+)
7.55	«Видели видео?» (6+)
9.00	Новости
9.10	«Видели видео?» (6+)
10.30	«Снежная королева: Зазеркалье». Анимационный фильм (6+)
12.00	Сами Насери, Фредерик Дифенталь, Марион Котийяр в фильме «Такси-2» (16+)
13.30	«Страна Советов. Забытые вожди» (16+)
15.20	Концерт Максима Галкина (12+)
16.20	Премьера. «Две звезды. Отцы и дети» (12+)
18.00	«Время».
19.00	Премьера. Вычисляя серийного убийцу в сериале «Хрустальный» (16+)
21.00	Пётр Фёдоров, Сергей Пускепалис, Виталий Хаев, Анна Михалкова в фильме «Ледокол» (12+)
23.05	Ирина Муравьёва, Владимир Меньшов, Екатерина Васильева, Валентин Гафт в фильме «Год телёнка» (12+)
0.25	«Модный приговор» (6+)
1.15	«Давай поженимся!» (16+)



НТВ-МИР

6.05	«У нас выигрывают!»
	Лотерейное шоу.
8.00	«Сегодня».
8.20	«Остаться людьми».
	1-я серия.
9.30	«Едим дома».
10.00	«Сегодня».
10.20	«Медицинские тайны».
10.35	«Первая передача».
11.05	«Чудо техники».
12.00	«Дачный ответ».
13.05	«НашПотребНадзор».
14.05	«Однажды...».
15.00	«Кремлёвские похороны».
	«Надежда Аллилуева».
	«Сегодня».
16.00	«Следствие вели...»
16.20	«Новые русские сенсации».
18.05	«Итоги недели» с Ирадой Зейналовой.
20.10	«Звёзды сошлись».
21.40	Премьера. «Основано на реальных событиях». «Тату».
1.00	«Мои университеты. Будущее за настоящим».
1.55	Владимир Стеклов в остросюжетном сериале «СВЕТ И ТЕНЬ МАЯКА» 98-я - 101-я серии.
5.40	«И снова здравствуйте!»



МӘСЕЛЕ

ҚОСЫМША ДӘРІС
қажеттілікке айналғаны анық па?

Ізденемін деген адам, ең алдымен, білімін тереңдетуі керек. Бұл ретте «Мектеп бітіруші түлектерге қосымша білім қажет пе?» деген сауал жиі туындап жатады. Себебі, Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағын тапсыру үшін сапалы, жүйелі дайындықсыз жақсы нәтижеге жету мүмкін емес. Оның үстіне, соңғы кездері «ҰБТ нәтижесіне бұдан былай мектеп жауап бермейді» деген талап енгізілді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Яғни мектеп бітіруші түлектердің ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындығын мектеп өз жауапкершілігіне алмайды деген сөз. Сондықтан соңғы екі жылда бүкіл мектеп бітіруші түлектер жаппай репетиторға, әртүрлі курстарға жүгіне бастады. Жалпы, мектеп бітіретін түлектердің дайындықты 10 сыныптан бастағандары дұрыс. Ең бастысы, сапалы бағдарламасы бар, жүйелі түрде жұмыс жасайтын орталықтарға барған жөн. Өзінің көрсеткіші мен нәтижесін дәлелдеген қосымша білім беретін орталықтардың көмегіне жүгіну керек.

Шыны керек, қазіргі кезде жалған жарнамасымен аты шығып, сапалы орталық атанып жатқандар да жоқ емес. Бұндай орталықтар сапалы білім бермек түгіл, ең алдымен уақытыңызды алады, сосын қалтаңызды қағып кетіп жатады. Жалпы, қосымша білім тек мектеп бітірушілерге ғана емес, пәндік олимпиадаға дайындалушыларға да керек. Себебі, пәндік олимпиадалардың деңгейі, оларға қойылатын талаптар жылдан-жылға өзгеріп, жауапкершілігі артып келеді. Мектептегі стандартты білімді қанша жерден үздік оқитын бала болса да, пәндік олимпиадаға дайындықсыз баруына болмайды. Жолы болмаған баланың тауы шағылып қалуы әбден мүмкін. Бір рет беті қайтып қалған бала келесі жолы қатысуға ықылас таныта қойма-

сы анық. Мамандардың пікірінше, пәндік олимпиадаға дайындықты кемі бір жыл үздіксіз жүргізген дұрыс. Пәндік олимпиада баланың ертеңгі білімінің іргетасы іспетті.

Алматыдағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Білім-Инновация лицейі, тағы басқа дарынды балаларға арналған мектептерге қабылданбас бұрын арнайы курсқа бару керек. Өйткені, арнайы мектептерге сынақтан өтіп, оқуға түсу мүмкін емес. Бір орынға 100-ден аса оқушы таласатын мектептердің конкурсы өте қатаң талаптары жоғары. Мұндай бәсекеден жүзден жүйріктің суырылып шығары анық. Әрине, ол үшін бағдарлы дайындық ауадай қажет. Арнайы мектептерге қабылдау 6-сыныптан басталады, сондықтан дайындықты 5-сыныптан бастаған жөн. Барлық баланың қабылдауы, білім деңгейі әртүрлі. Кейде тіпті бала-

ның көп уақыт бойы ауырып қалатын да жағдайы кездеседі. Сол себепті, оқу бағдарламасынан қалып қойған балаға өзге сыныптастарын қуып жету керек болады.

Мәселен, математика-жаратылыстану ғылымдары, тіл ғылымдары, сатылы пәндерді түсінбеген баланың түсініксіз дүниені ары қарай мүлдем игермей кетуі де мүмкін. Осыдан соң оқушының қалып қойған тақырыптарын толықтыру үшін репетитор жалдауға тура келеді. Сондықтан кез келген уақытта қатыса алмаған пәнді, жіберіп алған сабақты уақытылы толықтырған жөн. Жалпы, қосымша білім баланың білімін тереңдету мақсатында жүргізілуі керек. Көп жағдайда ата-аналар баланы бағыт-бағдарсыз өте көп қосымшаға жаздырып шаршатып алады. Физикалық тұрғыда шаршаған баланың сабақты қабылдауы нашар болады. Осы арада ата-аналарға барлық мүмкіндікті қосымша білім беретін орталықтарға жүктеп қоюға болмайды.

Ең бастысы, ата-аналар баласының барып жүрген орталықтың жұмысына, репетиторына, қандай тақырыптар өтіп, қандай бағытта жұмыс жасап жатқанына дейін қадағалап отырулары керек. Мұның басты себебі – кейбір орталықтар баланың үй тапсырмасын орындап, сабақ түсіндірмей, тіпті балармен қосыла ойнап, қайтаратын репетитор да, орталықтар да жеткілікті. Сондықтан мұндай да орталықтардың бар екенін біле жүрген дұрыс. Ата-аналар балаларына қосымша білім бергісі келсе, орталықтағы мұғалімнің білім деңгейін, тәжірибесін, осыған дейін қанша үздік шәкірттер тәрбиелегенін, қандай бағдарламамен жұмыс жасайтынын, басқа да сұрақтар төңірегінде білгені дұрыс. Себебі, үздік мұғалімнен үздік шәкірт шығатынын ұмытпауымыз керек. Мектепке жақын, үйге жақын немесе үйге келіп оқытады екен деп, кез келген адамға сенуге болмайды. Сондықтан қосымша білім беретін орталықтардың әдістемелік кеңесіне мән берген дұрыс.

Ұзақ жыл мектепте үздік мұғалім болып жетістікке жеткен, әкімшілік ұйымдастыру қабілеті бар адамның ғана сапалы білім беретін үздік мұғалімдердің басын қосып, жүйелі бағдарлама жасай алатыны белгілі.

МАМАН КЕҢЕСІ

Айсара ЖҮСПЕБЕКОВА,
мұғалім:

– Шыны керек, мектептердің барлығының сапасы бірдей деп айтуға болмас. Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің білім деңгейін, сапасын, мұғалімдердің біліктілігін анықтайды. Сол сияқты, білім беру орталықтарының сапасын да оған жауапты мамандар анықтайды. Ал білімді бизнес деп қарайтындарға мұндай орталықтарды ашуға жол бермеу керек. Ең алдымен, кез келген орталықтың тәрбие бағытына баса назар аудару керек. Себебі, кері идеологиялық бағыттағы Тіл үйрету орталықтары да, Білім беру орталықтары да жетіп жатыр. Сондықтан кез келген орталық тек білім емес, тәрбиені қоса беретінін ұмытпаңыз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дайын маманға сұраныс жоғары

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Быттырғы жылы колледжге құжат тапсырғандар саны екі есеге өсіпті. Бұл ретте таңдау жасаған жастардың өздері де ертерек үлкен өмірге араласып, ата-аналарына көмектескісі келетінін жасырмайды.

Бұл салаға қатысты мамандардың пікірі осыған саяды. Ата-аналар да балаларының таңдауын жоққа шығармайды. Жастардың оқуды тез бітірсе, тез жұмыс табатынын айтады. Алматыда быттырғы жылы колледж бітірген түлектердің 76%-ы өз мамандықтары бойынша жұмысқа тұрған. Бұл ретте колледждер көбіне сұранысқа сай мамандарды даярлайтындығымен ұтып кетеді. Сондықтан оқу бітірген жастарға жұмыс табу аса қиындық туғыза бермейді. Мәселен, колледждерде көбіне шаштараз, аспазшы, даяшы, кассир, тігінші, дәнекерлеуші, әрлеуші, сырлаушы, құрылысшы сияқты сұранысы жоғары мамандарды оқытады. Бүгінде Алматыдағы 83 орта-арнайы оқу орнының 22-сі мемлекеттік мекеме, ал 47 колледж мемлекеттік тапсырыс бойынша оқытып жатыр. Колледжде оқитын студенттерге стипендия, бір мезгіл ыстық тамақ беріледі. Кейбір колледждер студенттерді азық-түлікпен қамтып отырады.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ақмарал СЕЙІТЖАППАРОВА,
Алматы Сән және дизайн колледжінің студенті:

– Мектепті жақсы бітірдім. Жоғары оқу орнына түсуге де мүмкіндігім мол еді. Отбасыма қарайладым. Анам отбасындағы бес баланы бір өзі асырап жүр. Сондықтан оқуымды тезірек бітіріп, отбасыма қолұшын бергім келеді. Қазір осында сіңілім де оқып жатыр. Көктемде мен оқуымды бітіремін. Қазірдің өзінде шаштараз болып, еңбек етіп, қаражат тауып жатырмын.

Берік МҮСТАФАЕВ,
құрылыс маманы:

– Кезінде ата-анам «мектеп бітірген соң, дәрігердің оқуына бар. Біздің үйден де бір дәрігер шықсын да» деп қоймайтын. Сосын «дипломың болса, кез келген қаладан жұмыс табасың» деп қоймаған соң құжатымды тапсырдым. Бірақ жолым болмады. Мен бұған еш өкінбеймін. Қазір өзімнің жүрегімнің қалауымен таңдаған жұмысым бар. Айлығым тұрақты.

Денсаулық сақтау саласының
қызметкерлеріне пандемия
жағдайындағы қажырлы
еңбектері үшін орнатылатын
ескерткіштің үздік жобасы
ашық байқауының
БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ
ШАРТТАРЫ

1. Байқаудың мақсаты

Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссияға ұсыныс енгізу үшін көркем-сәулет және мүсіндік композиция жасау арқылы денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне пандемия жағдайындағы қажырлы еңбектері үшін орнатылатын ескерткіштің ең үздік тұжырымдамалық мүсіндік-көркемдік шешімін анықтау.

2. Байқау бағдарламасы

Дәрігерлер мемориалы қазақстандықтардың өмірге қауіп төндіретін вирусқа табандылықпен, бірлесе, ынтымақтаса отырып қарсылық көрсеткенінің, жаңа өмірге деген үміттің, дәрігерлерге алғыс пен мәңгілік естеліктің символына айналуы тиіс.

Ескерткіш композициясы қолданыстағы сәулет және қала құрылысы ортасына үйлесімді түрде сәйкес келуі керек.

Жобаны жасағанда мықты материалдар (мәрмәр, гранит, қола, т.с.с.) қолданылуы керек.

Орнатылатын орны – Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төле би көшесі, 94 мекенжайында орналасқан С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ бас корпусының алды.

3. Байқау шарттары

Байқауға барлық ниет білдірушілер, сондай-ақ авторлық ұжымдар қатыса алады. Байқауды өткізу мерзімі 2022 жылғы 31 қаңтарынан 16 наурызға дейін. 2022 жылдың 16 наурызынан кешіктірмей жіберілген жұмыстар 050000, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 56, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, №4015 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Басқа қалалардың авторлары пошта түбіртегінің нөмірін алдын ала хабарлай отырып, жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мекенжайына жібереді. Байқауға жобалар алты таңбалы санмен көрсетілген ұрандармен ұсынылады. Ұран конкурсына ұсынылған жобаның барлық материалдарының жоғарғы оң жақ бұрышында, сондай-ақ ұрандық конвертте (биіктігі 1 см.) жазылады. Ұранмен жабылған конвертке жоба авторының тегі, аты және мекенжайы көрсетілген ақпараттық парақ болуы керек.

2 беттен аспайтын қысқаша түсіндірме жазба 2 данада ұсынылады. Times New Roman қарпі, өлшемі №14, бір жоларалық интервалмен. Жазбада ескерткіштің негізгі идеясы, көркемдік шешімі және кеңістікті ұйымдастыру принциптері көрсетілуі керек.

Байқау қорытындысы бойынша шешімді Алматы қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

Байқау шарттарын бұза отырып ұсынылған жобалар конкурсықа жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

4. Байқаудың жобалық ұсыныстары мен
ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге
қойылатын талаптардың құрамы:

1. Масштабы 1:10 жоба эскизі (мүсін композициясы);
2. Масштабы 1:200 бас жобасы (сызба жобасы);
3. Ескерткіштің (мүсіндік композицияның) 2 қасбеті және 1:20 масштабты 1 перспектива;
4. Түсіндірме жазба.

Жобалар өлшемі 60x80 см. планшетпен ұсынылады. Графикалық орындау әдісі – макеттің түсі, техникасы және материалы – автордың қалауы бойынша.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8 (727) 272-11-09 телефоны бойынша алуға болады.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖЕР-ЖАҒАН

«Dior» және қазақ қызы





Атақты Кристиан Диордың өзінің сәттілік әкелетін бойтұмары санаған модель қазақ қызы екенін білесіз бе?

Иә, Диордың музалары деп ауызға алдымен Марлен Дитрих пен Митца Брикардың ілінетіні рас. Алайда, олардың алдында «Dior» сән үйі жаңадан ашылып жатқан тұста оған жан бітірген Алла Ильчун екені айтыла бермейді. Ол Қытайда дүниеге келген. Сондықтан оны көпшілік қытай қызы деп ойлады. Алланың әкесі Қуантхан Елшын алматылық бақуатты адамның ұлы болатын. Теміржол саласында білім алып, Түркісіб құрылысына да атсалысқан ол кейін Қытайға келеді. Сол жерде орыс генералының қызы, әнші Татьянамен шаңырақ көтеріп, Алла дүниеге келеді. Кейін әкесі саяси себептермен, анасы мен қызы бас сауғалап Парижге жетеді. Шешесі сауық кештерінде ән айтса, қызы мейрамханаларда ыдыс жуып, күндерін көреді. Сөйтіп жүргенде Екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетеді.

Алла Ильчун «Dior»-ға кездейсоқ тап болған. Кастингке құрбысының шашбауын көтеріп, жай серік боп келген еді. Оған Кристиан Диордың көзі сол кезде түскен екен. Ол тұста азиялық бойжеткендер сән әлемінің есігінен де сығалай алмайтын. Әйгілі Диор сәнгер Алла арқылы сән әлеміндегі қатып қалған қасаң қағидаларға серпіліс әкелгісі келген секілді. Сөйтіп, белінің өлшемі 47-ақ сантиметр, түр-сипаты да келіскен шығыстық ару араға көп уақыт салмай сәнгердің ең сүйікті моделіне айналады. Диор оны «менің сәттілік әкелетін бақытты бойтұмарым» деп атаған екен. Оның әрбір көрсетілімі бұрын-соңды болмаған табыс әкеле бастаған. Алла Ильчун көрсеткен сән үлгілерін Маргарет ханшайым, Марлен Дитрих, Элизабет Тейлор және тағы басқа әлемдік деңгейдегі жұлдыздар сатып алған.

Қазақ қызы «Dior» сән үйінде 20 жылдан аса табысты еңбек еткен.

Қоқыстар да «сөйлейді»



Түркиялық суретші Дениз Сагдычтың өзгеше ғажайып туындылары әлем назарын аударды.

Оның қоқыс-қалдықтардан жасалған портреттері Стамбул әуежайының күту залында ілулі тұрған көрінеді. Дениз Сагдыч өз шедеврлерінде пластик пакеттер мен стакандарды, бөтелкелердің қаппағын, жай сымдардың қиындылары сынды заттарды пайдаланған. Дениздің «Zero Point» деп аталатын көрмесі экология мәселесін көтерген. Яғни автор сол туындылары арқылы адамзаттың қоршаған ортаға орасан зиян келтіріп жатқанын көрсеткісі келеді. Сондай-ақ, Дениз күн сайын көрмеге барып, туындылары туралы жақын білгісі келіп сауал қоятын барлық адамға экскурсия жүргізетін көрінеді.

Айтпақшы, Дениздің осы көрмедегі 10 картинасы толығымен Ыстамбұл әуежайының маңында жатқан қоқыстардан жасалыпты.

Дайындаған Нұр ЖАМАЛ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 2 АҚПАНДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 647 372
II компонент: 343 045

Жасөспірімдер	Жүкті әйелдер	Бала емізетін аналар
I компонент: 531 698 II компонент: 279 444	I компонент: 26 268 II компонент: 16 306	I компонент: 83 070 II компонент: 47 278

PFIZER

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды. ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
259-88-99 (ішкі 20500,
20018) телефондары арқылы
хабарласыңыз



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖЫЛҚЫШЫ ҚҰРЫҒЫНА ҚЫРАУ ҚАТҚАН

Жыл ішіндегі ең суық, аязы қатты ай – Ақпан жетті аптығып...



**Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ**

Ақпан «Үштің айы – күштің айы» деп бекер айтылмаса керек, қыстың 40 күндік шілдесі біткенімен, қытымыр күндер әлі алда. Аптығып жеткен ақпан ашу мінезін, асау қылығын көрсетуі ғажап емес. Аяз күшеюі мүмкін. Ақпан тұрақсыз ай: кейде аяздың беті қайтып, сынады, кейде аспан түнеріп, өңін өзгертіп жапалақтап қар жауады. Бұрқасынды да, шуақты күндері алма-кезек. Ақпанда қыс пен көктем белдеседі. Қаңтарда бұрқасын, боран тәулік бойы соқса, ақпанда түнде, таң алдында соғады. Жұлдызшылардың ақпан туралы осындай болжамын өткенде жазғанбыз.

Ақпанның 5-і күні Үркер ауады. Тас төбеге шарықтап шыққан Үркер жұлдызы төбеден батысқа қарай төмендеп, жылжиды. Осыдан кейін Арқада 30 градусан аса аяз болмайды деген бұрынғылар. Бұл бір жыл ішіндегі ең суық, қатты аяз саналады. Қазақ «жылқы сауырынан, сиыр бауырынан» деп жылқыны жабулап, сиырдың астына көң төгетін болған.

Ақпан айының ішінде атақты «ақпан» амалы бар. Ол айдың 10 жаңасынан 15 жаңасына дейін жалғасады. Оның «жылқышы», «ақ құрық» деген жанама аттары да бар. «Ақпан келді, жылқышы кірді, жылқышының өкпесі қатты болады, оны ренжітіп алмайық» деп, жылқышының сыбағасы ретінде кәрі жілік асып, қонақ қылған. Амалдың «жылқышы» деп аталуына осы жағдай себеп болса, жылқышының құрығына қатқан кырау «ақ құрық» деген атауды телісе керек.

«Бойшаң қызда боғақ қалды, бойлы тоқтыда құйрық қалды» деген сол кезден жеткен тіркес ақпан амалының адуынды мінезіне берілген тағы бір бұлжымас айғақ.

Откен жолғы пайымда «Алматыда апта ішінде әдеттегіден көп ылғал түседі. Айдың соңы болғандықтан жауын-шашын жиі көрініс береді» деген едік. Солай болды да... Білінер-білінбес, көзге көрінер-көрінбес болып қыламықтап жауған қар қала мен төңіректі ақ ұлпаға көміп тастады. «Қарды қылау өсіреді, баланы сылау өсіреді» деген осы да.

Қазір еліміздің көптеген өңірінде ызғырық, боран, аяз күшіне енген. Ақпанда (9 ақпан) дүниеге келген қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев «Алатау, ассалаумағалейкүм!» деген атақты өлеңінде:

*Көзінің де, көңілінің де нұрын алған
талайдың,
Алатауға тамашалап таңмен бірге
қараймын.*



Айдың 10-ынан аса қауіпті «ақ құрық» амалы басталады

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ТАБИҒИ ҚҰБЫЛЫСТАРҒА ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

*** Кешкісін аспанда жұлдыз быжынап көрінсе, қыстың ұзаққа созылуы мүмкін.**

*** Қырау түспей, күн желді болса, боран соғады.**

*** Жұлдыз жымыңдаса, боран соғады, жарқыраса аяз тұрады, күңгірттенсе күн жылырақ болады.**

*** Қарағаш бұтағына қар жабысып түспесе, күн жылынады.**

*Уа, ассалаумағалейкүм, аппақ басты
арайлым!
Шаруа-ата секілденіп өміріңді
сарып қып,
Үлкен үйдің ошағындай дүниені
қарық қып.
Аман-есен жатырмысың, айналайын
жарықтық? –*

деп жырлап еді.

Сол ақбасты Алатаудың арқасында алыптың қалқасында орын тепкен әсем Алматы дауыл мен бораннан, жел мен селден, шүкір, аман-есен келе жатыр. Ақын өлеңі:

*Жат осылай тапжылмастан,
осыныңды хош алам,
Баурайыңда бауыр да аман, тең-тұс,
аға, дос аман.
Жат осылай тапжылмастан, уа,
тәкаппар босағам! –*

деп аяқталатын. Лайым айбарлы Алатау аман болсын! Аяулы Алматысына апат пен опаттан, жел мен селден қорған бола берсін! Халқымыздың көңіліне қаяу, көзіне жас үйірген қаңтар қасіреті қайтып оралмасын!

Қолданыстағы күнтізбе бойынша, бүгін ақпанның – 3-і. Ай күнтізбесі бойынша, айдың (ережеп) – 1-і, ал қазақша ақпан айы енді 11 күннен кейін (14 ақпан) басталады. Апта айдың басқы кезіне, яғни алғашқы онкүніне дөп келіп тұр. Әрбір айдың басы мен ортасында және соңында ауа райында өзгеріс болатыны бесенеден белгілі жәйт. Бұрынғы жұлдызшылар сан мәрте дәлелдеген. Бұл сәйкестік алдағы аптаның құбылмалы болатынын: жаңбыр да, қар да жауатынын, ашық күндер де болатынын аңғартып тұрғандай...

ӘН МЕН ӘУЕН

Ел арасында «Ән – көңілдің ажары» деген сөз бар. Шынында солай. Данышпан Абай атамыз «Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй» деп баға беріпті.




**Олжас
МҰРАТБЕКҰЛЫ**

Адам баласы қолы қалт еткенде тынығуға өзіне жайлы орын табуға құштар. Өйткені, күнделікті қым-қуыт тіршілік еңсесі басады. Бұның бәрі өз әсерін көңіл күйге тигізбей қоймасы анық. Сондықтан мойынша осы жағын реттеп жүрген абзал.

Көңілдің ажары. Әр адамның музыкаға әуестігі әртүрлі, сан қырлы болып келеді. Бірқатары рок, джаз, келесісі лирикалық баяу әуендерді ұнатса, ендігісі рәп тыңдағанды жөн санайды. Талғамға талас жоқ деген осы. Былай қарағанда, бәрі әнді сүйіп тыңдауы шарт емес. Әуенді халыққа жағымды ететін ол – әнші. Соның қимылына, даусына, жеткізуіне қарап сүйсініс басталады.

Тыңдауына қарап – кісіні таны. Сәл зер салып қарасаныз, осыны ұғыну түк те қиын емес. Тіпті, оңай. Психологияда бұл бұрыннан дәлелденген әдіс. Олай болатынын өз жөні бар. Өрине, түгелдей сол адам сондай дегенді білдіре қоймас. Десе

Музыка музаны қозғайды



де, адамның жан-дүниесін ән арқылы ұғынуға болады. Мәселен, қи, әлгінде айтқандай тез ырғақты, тарс-гүрс еткенді жуас мінезді, жайбасар жандардың тыңдамасы айқын.

Сөз соңында айтарымыз, өзіңізге жақын музыканы тыңдаңыз. Сонда рахат сезімге бөленесіз. Сонда барып өз-өзіңізді қуатты, көңілді ұстайсыз.

ЖҮЛДЫЗ-ЖОРАМАЛ

(3 – 10 ақпан)

ТОҚТЫ

(21 наурыз – 20 сәуір)

Дүйсенбі және бейсенбі күндері жұмыстың ауыртпалығынан біраз қажып, жүйкеңіз сыр беруі мүмкін. Сізге жақсы демалыс керек. Туған-туыстарыңыздың ортасында емен-жарқын отырып, сыр шертіскендеріңіз артық болмайды.

ТОРПАҚ

(21 сәуір – 21 мамыр)

Бойыңыздағы күш-қуатыңызды жинап, өзіңізге сенсеңіз осы апта қызыққа толы болмақ. Қызықты ұсыныстар мен жаңа бастамаларға жолыңыз ашық. Осы аралық кәсібіңізді жетілдіруде қолайлы. Аяқталмаған жобаларыңызды бейсенбіге дейін мәресіне жеткізуге тырысыңыз.

ЕГІЗДЕР

(22 мамыр – 21 маусым)

Сіз үшін бұл апта қарбаласқа толы болмақ. Отбасында және жұмыс бабында жолыққан кедергілерге сабырлылық танытыңыз. Тек жалқаулыққа жол берменіз. Себебі, бастықтардың шамына тиіп, сөгіс алып қалуыңыз ғажап емес.

ШАЯН

(22 маусым – 22 шілде)

Не жасасаныз да тек пайдалы дүниелерге көңіл бөліңіз. Бұл аптада шаяндардың жолы болады. Көмек керек болған жағдайда шешімін жылдам табасыз. Аптаның алғашқы күндері жақындарыңызбен күш біріктіріп, ортақ жоспар құруға мүмкіндік бар.

АРЫСТАН

(23 шілде – 23 тамыз)

Осы аптада ойға алған мақсат-мұраттарыңыздың бірсыпырасы орындалуы мүмкін. Мәселен, көптен бері армандап жүрген затыңызға қолыңыз жетіп, мәре-сәре күй кешесіз. Бірақ көп ысырапшылық жасап, ақшаңызды оңды-солды шашпаңыз.

БИКЕШ

(24 тамыз – 22 қыркүйек)

Аптаның сәрсенбісі күні қаржы мәселесі оң шешімін табатын болады. «Судың да сұрауы бар» деген қағиданы ұстай отырып, ақшаңызды оңды-солды жұмсаудан аулақ болыңыз. Ал демалыс күндері табиғат аясында демалғаныңыз жөн.

ТАРАЗЫ

(23 қыркүйек – 22 қазан)

Жұлдыздардың қолдауы байқалады. Таразылар беделді адамдармен жолығып, олардың көмегіне ие болады. Жақын адамдармен кездесіп, пайдалы ұсыныстар жасаңыз.

САРЫШАЯН

(23 қазан – 21 қараша)

Басыңызға түскен қиындықтардан құтыла алмайсыз. Алайда, оның ешбірі де сіздің көңіл күйіңізді түсіре алмайды. Сарышаяндар өзінің қайсар, темірдей төзімділігімен көпшілікті таңқалдырады. Тек шаршап қалмаңыз.

МЕРГЕН

(22 қараша – 21 желтоқсан)

«Сабыр түбі – сары алтын» демекші, кішкене сабыр сақтасаныз көңіл күйіңіз көтеріліп, аптаныз жақсы қарқынмен өтеді. Аптаны бітпей қалған істеріңізді қарастырумен бастаңыз. Бұл мәңгісіз болғанымен, жаңа тың ойлардың тууына септігін тигізеді.

ТАУЕШКІ

(22 желтоқсан – 20 қаңтар)

Асықпаңыз, ойыңыздағының барлығына бірден қол жеткізбейсіз, кейде қалаған нәтижеге жетпес бұрын сізге бірнеше рет әрекет ету қажет. Кездейсоқ кездесулер болуы мүмкін. Кейбір Тауешкі бұрын көп жақсы сөздер естіген адамдармен сөйлесе алады. Ұзақ достық осындай танысудан басталуы мүмкін.

СУҚҰЙҒЫШ

(21 қаңтар – 19 ақпан)

Қарым-қатынас үшін қолайлы апта. Сіз түрлі адамдармен жақындасып кете аласыз. Көпшілікті бір қарағанда түсінетін боласыз. Кейде басқалардың не ойлайтынын, сізден не күтетінін, олар қандай әрекеттерді жасайтынын байқауға болады.

БАЛЫҚТАР

(20 ақпан – 20 наурыз)

Кез келген күрделі және маңызды тапсырманы қабылдамас бұрын, оны орындауға жеткілікті уақытыңыз бар екеніне көз жеткізіп алыңыз. Осы аптада сәттілікке жететініңізге сенімді боласыз. Алайда, әр күніңіз сіз үшін жағымды жаңалықтарға толы болмайтынын естен шығармағаныңыз жөн.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.